



**"Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 31 мамырдағы № 359 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 13 қыркүйекте № 15695 болып тіркелді.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің 144-бабының 6-тармағына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары бекітілсін.

2. "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 240 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11049 болып тіркелген, "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 10 маусымда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Қоғамдық денсаулық сақтау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін баспа және электронды түрде қазақ және орыс тілдеріне Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми интернет-ресурсына орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3)

тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының  
Денсаулық сақтау министрі

Е. Біртанов

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және

даму министрі

\_\_\_\_\_ Ж. Қасымбек

2017 жылғы 17 тамыз

"КЕЛІСІЛГЕН"

Қазақстан Республикасының

Ұлттық экономика министрі

\_\_\_\_\_ Т. Сүлейменов

2017 жылғы 28 тамыз

Қазақстан Республикасы  
Денсаулық сақтау министрінің  
2017 жылғы 31 мамырдағы  
№ 359 бұйрығымен  
бекітілген

**"Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы "Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) жолаушыларды (арнайы контингентті), тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын, суды, радиоактивті, қауіпті химиялық және уытты заттарды, жүктерді тасымалдау үшін қолданылатын көлік құралдарын (теміржол, әуе, автомобиль, ішкі су,) (бұдан әрі – көлік құралдары) жобалауға, пайдалануға және күтіп-ұстауға және жолаушылар мен жүктерді тасымалдау жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды айқындайды.

2. Осы Санитариялық қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) авиациялық химиялық жұмыстар (бұдан әрі – АХЖ) – ауыл шаруашылығы, орман және басқа да алқаптарда пестицидтер мен агрохимикаттарды қолдана отырып, азаматтық авиация орындайтын жұмыстар;

2) авариялық жағдай (төтенше жағдай) – жүкті қалыпты тасымалдаудан өзгеше, жарылысқа, өртке, адамдардың немесе жануарлардың улануына, сәулеленуіне, ауруына, күйіне, үсіп қалуына, өліміне, қоршаған орта үшін қауіпті салдарға әкелуі мүмкін немесе әкелген, қауіпті заттың өртенуіне, ағып кетуіне, төгілуіне, қауіпті жүгі бар ыдыстың немесе жылжымалы құрамның бұзылуына байланысты болатын жағдайлар, сондай-ақ теміржолдағы авария аймағында қауіпті жүктері бар вагондар, контейнерлер немесе жүк орындары болған жағдайлар;

3) авариялық карточкалар (бұдан әрі – Авариялық карточка) – магистральдық теміржол көлігімен қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде болатын авариялық жағдайлардың салдарларын жою бойынша теміржол көлігінің қатысты жұмыскерлерінің және арнайы жасақтарының алғашқы шұғыл іс-әрекеттерін регламенттейтін бекітілген құжат;

4) арнайы жылжымалы құрам (бұдан әрі – АЖК) - магистральдық теміржол желісін және кірме жолдарды ұстау, қызмет көрсету, қалпына келтіру және жөндеу жөніндегі жұмыстарды жүргізуге арналған өздігінен жүретін және өздігінен жүрмейтін теміржол көлігі құралдары;

5) арнайы контингент – сотталғандар және күзетпен ұсталып отырған адамдар;

6) арнайы вагон – арнайы контингентті тасымалдауға арналған вагон;

7) гидрофора – қысымдағы суды сақтауға арналған цистерна;

8) жолаушылар поезы – теміржол қатынастарының барлық түрлерінде жолаушыларды тасымалдауға арналған поезд;

9) жолаушылар вагондары – почта, багаж, мейрамхана вагоны, қызметтік-техникалық, қызметтік, клубтар, санитариялық, сынақ және өлшеу зертханалары, жолаушылар үлгісіндегі арнайы вагондар сияқты жолаушыларды және (немесе) багажды, почта жөнелтілімдерін тасымалдауға арналған вагондар;

10) жолаушылар вагондарын жабдықтау пункті (бұдан әрі – жабдықтау пункті) – вагондарды сапарға дайындау және жарақтау жүзеге асырылатын теміржол жолдарының мамандандырылған учаскесі;

11) жолаушылар вагонына техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – ТҚК) – техникалық қызмет көрсету пункттерінде, құрастыру мен айналым пункттеріндегі жолаушылар техникалық станцияларда, поездың жол бойындағы станцияларында, тұрақта жолаушылар вагонына техникалық қызмет көрсету кезінде вагонды тексеру, ажыратпай ағымдық жөндеу және жабдықтау;

12) жаңғырту – жылжымалы құрамның қабылданған үлгілік құрылысына типтік немесе қабылдау сынақтарын жүргізуді талап ететін елеулі өзгерістер енгізу;

13) карантиндік аурулар – жұқпалылығы жоғары және өлім-жітіммен сипатталатын аурулар тобы (оба, тырысқақ, сары қызба), оларға қарсы жүргізілетін тиімді профилактикалық іс-шаралардың бірі карантиндік іс-шараларды жүргізу болып табылады;

14) қаптама – шикізатты және дайын өнімді орналастыру, қорғау, тасымалдау, тиеу және түсіру, жеткізу және сақтау үшін пайдаланылатын бұйым;

15) қарауыл қызметі – теміржол объектілерін, станцияларда және поезд жолының бойында жүктерді күзетуді жүзеге асыратын әскери теміржол күзетінің бөлімшесі;

16) қауіпті жүктер – өздеріне тән қасиеттеріне байланысты адамдардың, жануарлардың өліміне, жарақаттануына немесе ауруға шалдығуына, жарылысқа, өртке, мүліктердің бұзылуына немесе жойылуына себеп болуы, сондай-ақ қоршаған ортаға зиян келтіруі мүмкін жүктер;

17) құрамында мұнай бар су – машина және қазандық бөлімшелерінің төсеніші астында жиналатын су және құрамында мұнай өнімдері бар басқа да су;

18) қызметтік-тұрмыстық вагон – персоналдың демалуына және тұрмыстық жағдайларын сақтауға арналған вагон;

19) машина үй-жайлары – басты және қосалқы механизмдер, қазандықтар, сорғылар, генераторлар, ауаны желдетуге және баптауға арналған жабдықтар орналасқан үй-жайлар, отын қабылдау пункттері, шеберханалар және басқа да қосалқы үй-жайлар, сондай-ақ осы үй-жайлардың шахталары;

20) машинист кабинасы – локомотив бригадасының жұмыс орындары, локомотивті, мотор-вагонды жылжымалы құрамды, арнайы жылжымалы теміржол құрамын жүргізуге арналған аспаптар мен құрылғылар орналасқан шанақтың қоршаумен бөлінген бөлігі;

21) мамандандырылған тазартқыш кеме – ағынды судың барлығын немесе бір бөлігін қабылдауға және оларды одан әрі өңдеуге арналған өздігінен жүретін немесе өздігінен жүрмейтін кеме;

22) мотор-вагонды жылжымалы құрам (бұдан әрі – МВЖҚ) – жолаушыларды тасымалдауға арналған мотор-вагонды поездар құрылатын (электрлі поезд, дизельді поезд және рельсті автобустар) моторлы және тіркемелі вагондар;

23) мейрамхана вагоны, бар вагоны, буфет вагоны (буфет купесі) – жүретін жолында тамақ өнімдерін және тағамдарды сақтау, дайындау және өткізу жүргізілетін жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пункті;

24) пестицидтер (улы химикаттар) – зиянды және аса қауіпті зиянды организмдерге қарсы пайдаланатын, сондай-ақ астық жинау алдында оларды

кептіру, жапырақтардан тазарту және өсімдіктердің өсуін реттеуде қолданылатын химиялық, биологиялық және басқа да заттар;

25) пайдаланушы – меншік құқығы, жалға алу шарты немесе басқа да құқық белгілеуші құжаттардың негізінде әуе кемесін пайдалануды жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

26) радиоактивті жүк – жүк (арнайы) көлігінде тасымалдауға қабылданған радиоактивті материал;

27) салон (кабина) – жолаушылар мен жүргізушіге арналған автокөлік құралының ішкі үй-жайы;

28) су таситын кеме – суды тасымалдауға арналған кеме;

29) теміржол станциясы – қозғалысты, өту мүмкіндігін реттеуді қамтамасыз ететін, жол таралымы бар, магистральді жолды учаскелерге бөлетін және поездарды қабылдау, жөнелту, қиылыстыру, озып өту бойынша, жолаушыларға қызмет көрсету бойынша, багажды, жүк-багажды, почта жөнелтілімдерін және (немесе) жүктерді, сондай-ақ маневр жұмысын қабылдау, беру бойынша операцияларды жүргізуге мүмкіндік беретін пункт;

30) 1-техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – 1-ТҚК) – техникалық қызмет көрсету пунктінде әр сапарға жөнелту алдында жолаушылар вагонының жабдықтарын дайындау, сондай-ақ поездың жолы бойында тіркемеден ажыратпай тексеру, ағымды жөндеу;

31) 2-техникалық қызмет көрсету (бұдан әрі – 2-ТҚК) – жазғы және қысқы тасымалдаулар алдында жолаушылар вагондарын кешенді дайындау;

32) тез бұзылатын тамақ өнімдері – егер Кеден одағының тамақ өнімдерінің жекелеген түрлеріне арналған техникалық регламенттерінде өзгеше белгіленбесе, жарамдылық мерзімі 5 күннен аспайтын, қауіпсіздікті сақтау және онда ауру тудыратын микроорганизмдердің, бүлдіруші микроорганизмдердің дамуын және (немесе) адам денсаулығы үшін қауіпті деңгейлерге дейін уыттардың пайда болуын болдырмау мақсатында сақтау мен тасудың (тасымалдаудың) арнайы құрылатын температуралық режимін талап ететін тамақ өнімі;

33) ұйымдастырылған балалар ұжымы – ересектер мен медицина қызметкерінің алып жүруімен, бір көлікте бір бағыт бойынша жүретін, 6 жастан бастап 18 жасқа дейінгі, құрамы кемінде он баладан тұратын ұжым;

34) шикі жүк – құрамында сұйықтық бар немесе өзінің табиғаты бойынша сұйықтық бөлуі немесе сұйықтық түзуі мүмкін жүк (су өткізбейтін контейнердегі сұйықтық, қаптамаланбаған шикі ет, мұздатылған балық, малдың ішек-қарыны, терілері, су өткізбейтін контейнердегі былғары және жануарлар);

35) ішкі суларда жүзетін кеме – ішкі су жолдарында пайдалануға арналған кеме;

36) эпидемиологиялық көрсетімдер – қолайсыз санитариялық-эпидемиологиялық жағдайға байланысты санитариялық-эпидемияға қарсы (санитариялық-профилактикалық) іс-шараларды жүргізуге арналған көрсетімдер.

3. Жолаушылар мен жүктерді тасымалдауға арналған көлік құралдарының жұмыскерлері "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы Кодексінің (бұдан әрі – Кодекс) 144-бабының 6-тармағына және 145-бабына сәйкес халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік орган бекітетін Міндетті медициналық қарап тексеру өткізілетін зиянды өндірістік факторлардың, кәсіптердің тізбесіне, санитариялық қағидалардың, гигиеналық нормативтердің (бұдан әрі – нормалау құжаттары) талаптарына сәйкес міндетті медициналық тексеріп-қараудан өтеді.

4. Жұмыс орындары Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2014 жылғы 2 шілдедегі № 368 бұйрығымен бекітілген Автомобильдегі алғашқы медициналық көмек қобдишасының дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарының тізбесіне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9649 болып тіркелген) сәйкес дәрілік заттары мен медициналық мақсаттағы бұйымдарымен қамтамасыз етіледі.

**Ескерту. 4-тармақ жана редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

5. Жинау және дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген жуу және дезинфекциялау құралдары (бұдан әрі – жуу және дезинфекциялау құралдары) пайдаланылады.

6. Көлік құралдарын пайдалануға Кодекстің 21-1-бабының 1-тармағына сәйкес берілген санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды болғанда жол беріледі.

**2-тарау. Теміржол көлігі құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**  
**1-параграф. Жолаушылар вагондарын жобалауға, пайдалануға және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

7. Жаңадан жобаланатын жолаушылар вагондары лас қалдықтардың жинағыш-бактарға герметикалық түсуін қамтамасыз ететін, жабық үлгідегі лас қалдықтарды жою жүйесімен жабдықталған дәретханалар мен санитариялық үй-жайлармен жарақталады.

8. Полимерлік конструкциялық және әрлеу материалдарынан қоршаған ауа ортасына адамның организміне тікелей немесе жанама қолайсыз әсерін тигізуі

мүмкін (барлық бөлінетін заттардың бірлескен әсерін есепке алғанда) мөлшерде ұшпа химиялық заттардың бөлінуіне жол берілмейді.

9. Теміржол көлігі құралдарының ішін әрлеу үшін механикалық әсерлерге, жарықтың, жуу және дезинфекциялық құралдардың әсеріне төзімді, ластануды тазартуға ыңғайлы және Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдар қолданылады.

10. Полимерлік құрылыс материалдарынан ауа ортасына бөлінетін химиялық заттардың рұқсат етілген деңгейлері және полимерлік құрылыс материалдарының негізгі үлгілерін санитариялық-химиялық зерттеу кезінде айқындауға жататын заттар осы Санитариялық қағидаларға 1 және 2-қосымшаларда келтірілген.

11. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде қабылданған сыныптамаға сәйкес 1-сыныпты зиянды заттардың (өте қауіпті) конструкциялық және әрлеу материалдарынан вагонның ішкі кеңістігінің ауасына көшуіне жол берілмейді.

Материалдардан бөлінетін заттардың құрамы нормалау құжаттарында белгіленген рұқсат етілген шекті шоғырланудан (бұдан әрі – РШШ) аспауы тиіс.

12. Полимерлік материалдардан аддитивті әсерге ие бірнеше зиянды заттар бөлінген жағдайда, шоғырланудың олардың РШШ-сіне қатынасының сомасы бірден аспайды.

13. Тамбур конструкциясында еденде немесе баспалдақта жолаушылардың аяқ киімдерін тазалауға арналған тор, күлсалғыштар, бүйірдегі қабырғасында – отын қорын, жинау мүкәммалын сақтауға арналған жәшіктер, қоқыс салғыштар көзделеді.

14. Вагондардың өтетін алаңдары атмосфералық жауын-шашын, ылғал, шаң және батпақтың түсуін болдырмайтындай етіп жасалады, гигиеналық, беті тегіс тұтқалар көзделеді.

15. Вагонның қызметтік емес шетінің кіші тамбуры стандартты үлгідегі алмалы-салмалы полиэтилен қабы бар жәшіктермен жабдықталады.

16. Жолаушылар вагондарының терезелері жеткілікті түрде көруді, табиғи жарықты, дыбыс пен жылудан оқшаулауды қамтамасыз ететін шыныдан жасалады.

17. Жолаушылар вагонының дәлізіндегі терезелер тұтқалармен қоршалады, көтеретін және түсіретін тетігі бар күннен қорғайтын перделермен жабдықталады. Әйнектерінде күннен қорғайтын күңгірт үлдір көзделеді.

18. Дәретхана мен себезгі үй-жайларының терезелері күңгірт әйнекпен немесе қараңғыланған әйнекпен әйнектелуге тиіс.

19. Вагон дәретханаларындағы унитаз тоттануға төзімді материалдардан жасалады. Бекіту конструкциясы унитаздың және еден жабыны астына ылғал өтуіне жол бермейді.

20. Вагон дәретханаларында едендегі судың ағып кетуіне арналған тесік тығынмен жабылады. Ағынды суға арналған құбырлар жылу оқшаулағышы бар вагон асты жабдықтарынан алшақ орналасады, ал қайта жеткізілетін және жобаланатын вагондар жылыту құрылғыларымен жабдықталады.

21. Унитаз қақпағы бар пластмасса орындықпен, дәретхана қағазына арналған ұстағышпен, дезинфекциялау құралы бар стандартты сыйымдылықпен және қыл щеткамен жабдықталады.

22. Санитариялық тораптардағы қабырғалардың, төбенің және еденнің беті су өткізбейтін және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдармен, жабын астының ылғалдануын, ластануын болдырмайтындай саңылаусыз және тегіс етіп жабылады.

23. Дәретханадағы қолжуғыш ыстық және салқын суды араластырғышпен, сұйық сабын бар құтымен, жуынатын заттарға арналған ернеуі бар сөремен, айнамен жарақтандырылады. Су бөлетін шүмектердің үстіне "Ішуге жарамайтын су" деген таңбалау көзделеді. Қолжуғыштың жанына бір рет қолданылатын сүлгілерге арналған сүлгі ұстағыш немесе электрлі сүлгі, бір рет пайдаланылған сүлгілерге арналған сыйымдылық орналастырылады.

24. Вагонның санитариялық-техникалық және тұрмыстық жабдықтары, сондай-ақ жинау мүкәммалы жарамды күйде ұсталады.

25. Қызметтік үй-жайлар:

1) ыдыспен, арнайы киімге (бұдан әрі – арнайы киім) арналған қуыспен (орынмен);

2) ыстық және суық су өткізілген раквинамен;

3) жолсерікке арналған диван, терезе алды үстелі, дауыс қаттылығын реттеуіші бар дауыс күшейткіш, вагон ішіндегі температураны көрсететін термометрмен;

4) поездың жайлылық деңгейінің санатына байланысты тоңазытқышпен;

5) поездың жайлылық деңгейінің санатына байланысты қысқа толқынды пешпен қамтамасыз етіледі.

26. Жолсеріктердің демалуына купе бөлінеді. Купе жатын сөремен, жиналмалы үстелмен, ұсақ заттарға арналған жиналмалы тормен (сөремен), гардеробпен немесе ілгешектермен, ілгіштермен, жүкке арналған қуыспен, суырмалы баспалдақпен жабдықталады.

27. Жатын вагондарда таза және пайдаланылған төсек жабдықтарын бөлек сақтауға орын бөлінеді.



28. Жатын купе жатын дивандармен және сөрелермен, жиналмалы үстелдермен, ұсақ заттарға арналған жиналмалы тормен (сөре), суырмаалы баспалдақпен, киім ілетін орынмен немесе ілгешектермен, ілгіштермен, жүкке арналған қуыспен, айнамен жабдықталады.

29. Жатын сөренің матрасың сырғып түсуін болдырмайтын конструкциясы көзделеді, жоғарғы сөрелер қоршайтын ернеулермен жабдықталады.

30. Ұйымдастырылған балалар ұжымдарын тасымалдауға арналған жолаушылар вагондары жоғарғы сөрелерге арналған қауіпсіздік белбеулерімен жабдықталады.

31. Қызметтік-тұрмыстық вагонда демалуға арналған салон, жатын купе, ас үйі, санитариялық торап көзделеді.

32. Демалуға арналған салон ас үйден оқшау орналастырылады. Салон диванмен (жатуға арналған сөремен), үстелмен, орындықтармен, жұмыс және үй киімдерін, таза және пайдаланылған төсек жабдықтарын сақтауға арналған бөлек бөлімшелері бар шкафпен жабдықталады.

33. Ас үй ас үй плитасымен, тоңазытқышпен, тамақ өнімдерін сақтауға арналған шкафпен, суық және ыстық су араластырғышы бар раковинамен, асханалық ыдыс-аяққа және ас үй мүкәммалына арналған шкафпен, тамақ қалдықтарын және қоқыстарды жинауға арналған таңбаланған ыдыспен жабдықталады, асханалық және ас үйлік ыдыс-аяқпен жарақтандырылады.

34. Қызметтік-тұрмыстық вагонның санитариялық торабы функционалды түрде дәретхана және себезгі бөлме болып бөлінеді. Себезгі бөлмеге және қолжуғышқа суық және ыстық су өткізіледі.

35. Туберкулезбен ауыратын сотталған адамдарды (бұдан әрі – науқастар) тасымалдауға арналған арнайы вагонда: күзет бастықтарына арналған купе, медицина қызметкеріне арналған купе, ас үйі, науқастарға арналған оқшауланған үй-жай, науқастар мен персоналға арналған бөлек санитариялық торап көзделеді.

36. ТҚК-2-ні (күзгі) жүргізу кезінде ағаш жақтаулары бар терезелерді бекіту және есіктерді тыстау жұмыстары орындалады. Терезенің әйнектері және жақтау арасындағы кеңістік бекіту алдында тазартылады.

37. ТҚК-2-ні (көктемгі) жүргізу кезінде ағаш жақтаулары бар терезелер бекіту материалдарын алып тастай және төмен түсірілетін терезелердің көтеру тетігін жөндей отырып ішкі және сырты жағынан тазартылады.

Шыны пакеттер жуылады және қажеттілігіне қарай жөнделеді.

38. Почта багажы вагондарын жобалау кезінде жұмыскерлерге арналған купе, санитариялық торап (дәретхана және себезгі бөлмесі) көзделеді.

**2-параграф. Жолаушылар вагондарын сумен жабдықтауға, жылытуға, желдетуге, ауасын баптауға және жарықтандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

39. Сумен жабдықтау жүйесінің конструкциясында судың ластануын болдырмау, резервуарлар мен таратушы құбырлардан суды толық төгу және тазалау, жуу, дезинфекциялау мүмкіндігі көзделеді.

40. Вагонның сумен жабдықтау жүйесінің су құятын келте құбырының ұшы ластанудан сақтайтын құралмен жабдықталады.

41. Вагонның сумен жабдықтау жүйесінің суын ағызу, жуу және дезинфекциялау тоқсан сайын, деполық және күрделі жөндеу кезінде, эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша атқарылған жұмыстар актісі сақтала отырып жүргізіледі.

42. Ауыз суды құю арнайы су құятын колонкалардан жүзеге асырылады.

43. Вагонның әрбір орны тәулігіне кемінде 25 литр ауыз су сапасындағы суық және ыстық су берумен қамтамасыз етіледі.

44. Вагон су қайнататын және суытатын бөлек қондырғылармен жарақтандырылады.

45. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктінде асханалық және ас үй ыдыс-аяғын, мүкәммалды жууға, шикізаттар мен тамақ өнімдерін технологиялық өңдеуге арналған жуу ванналарына ыстық және суық су өткізу қамтамасыз етіледі.

46. Жолаушылар вагондарына отын (көмір, ағаш) тиеледі және вагон конструкциясында көзделген көмір қоятын қалталарына салынады.

47. Жылыту аспаптарының конструкциясы және оларды орналастыру оларды шаң мен ластанудан тазалауға қол жеткізуді қамтамасыз етеді.

48. Жолаушылар вагондары механикалық түрде сыртқа тарту және табиғи түрде ішке сорып желдету жүйесімен жабдықталады. Желдету жүйесі вагондағы әрбір орынға жазда сағатына 20 текше метрден (бұдан әрі – м<sup>3</sup>/сағ) кем емес, қыста 10 м<sup>3</sup>/сағ кем емес сыртқы ауаны беруді қамтамасыз етуге арналған үздіксіз жұмысқа есептеледі.

49. Науқастарды тасымалдауға арналған арнайы вагондардың үй-жайында дәлізден үй-жайға ауа алмасуды қамтамасыз ететін жеке ішке сорып желдету жүйесі орнатылады. Арнайы вагондар жол бойында және тоқтап тұрған уақытта электр энергияны үздіксіз қамтамасыз ету үшін автономды энергия көзімен жабдықталады.

50. Жаңадан әкелінетін вагондарда ауаны баптау жүйесі көзделеді.

51. Егер вагонның конструкциясында ауаны баптау көзделмеген болса, онда вагон терезелері олардың биіктігінің 1/3 ашылуы тиіс және кез-келген деңгейде бекітілуі тиіс.

52. Вагонға жіберілетін ауа сүзгілердің көмегімен тазартылады. Тазартылғаннан кейін жіберілген ауаның шаңдануы текше метрге 0,5 миллиграммнан (бұдан әрі – мг/ м<sup>3</sup>) аспауы тиіс. Желдету сүзгілерін ауыстыру жылдың жазғы кезеңінде 15 күнде бір реттен сиретпей, қысқы кезеңде 25 күнде бір реттен сиретпей жүргізіледі.

53. Салқындату кезінде вагонға жіберілетін сыртқы ауа температурасы +16 °С-дан төмен емес болып ұсталады.

54. Салон ауасының құрамындағы көміртегі қос тотығының 0,1 пайыздан (бұдан әрі – %), жолаушылар болатын жерлердегі ауа қозғалысының жылдамдығы жылдың қысқы кезеңінде секундына 0,2 метрден (бұдан әрі – м/сек), жазғы кезеңінде ауа баптағыш жұмыс істеп тұрған кезде 0,25 м/сек.-тен жоғары болуына жол берілмейді. Ауа баптағышы жоқ вагондарда жазғы кезеңде ауа қозғалысының жылдамдығының 0,4 м/сек болуына жол беріледі.

55. Мейрамхана вагоны иістердің ас үйден тамақтану залына келуін болдырмайтын, механикалық түрде сыртқа тарту-сору желдеткішімен және ауа баптағышпен жабдықталады. Ауаны ластау (газ, шаң, иіс), жылулық сәулелену көздері бар үй-жайларда жергілікті сорып желдетумен жабдықталады.

56. Жылыту құрылғылары бетінің +55 °С-дан жоғары температурасы бар ашық бөлігі қорғаныш қоршаулармен оқшауланады.

57. Вагондарда табиғи және жасанды жарық көзделеді. Жасанды жарық үшін спектрі бойынша күндізгі жарыққа жақын, жарқылдауды және айқын қарсы жарықты болдырмайтын люминесценттік шамдар пайдаланылады.

58. Қосалқы және істен шыққан люминесценттік шамдарды құрамның үй-жайларында сақтауға жол берілмейді.

59. Жатын купеде жолаушылар үшін ортақ және әр орынға жергілікті жарық көзделеді.

60. Жолаушыларға арналған купеде, қызметтік үй-жайларда, вагон дәліздерінде еденнен 800 миллиметр (бұдан әрі – мм) деңгейде, диван арқалығынан 600 мм қашықтықта және үстелдің үстінде кемінде 150 люкс (бұдан әрі – лк) жарық қамтамасыз етіледі.

61. Жергілікті жарық шамынан түсетін жарық вагон қабырғасынан 0,7 метр (бұдан әрі – м) қашықтықта және диванның бетінен 0,5 м биіктікте кемінде 40 лк қамтамасыз етіледі.

62. Үлкен дәліздердегі еден деңгейінде, дәретханаларда жарық кемінде 50 лк-ті, шағын дәліздерде, тамбурларда, кіретін есік баспалдақтарында кемінде 30 лк-ті құрайды.

63. Қазандық бөлімдерінде бақылау аспаптарының деңгейінде жарықтың 30 лк-тен кем болмауы көзделеді.

64. Еден деңгейінде жарық түсіретін авариялық жарықтың 1 лк-тен кем болмауы көзделеді.

65. Дизельді үй-жайда жабдықтарға қызмет көрсету кезінде жұмыскерлердің көздеріне жарық ағынының тікелей түсуін болдырмайтын құралдары бар жасанды жарық көзделеді, верстактарда жергілікті жарық орнатылады.

**3-параграф. Жолаушылар вагондарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

66. Жолаушылар поездарын құрастыру пункттерінде, МВҚК-да мыналар:

1) вагондардың сыртын жуу – кузовты шаю, шыныларды, өтетін алаңдарды, тұтқаларды, баспалдақтарды жуу (жылдың қысқы және ауысым уақытында сыртқы ауа температурасы 0 °С жоғары болған кезде жүргізіледі);

2) вагондарды дезинфекциялық өңдеу;

3) ішкі және санитариялық-техникалық жабдықтарды жөндеу;

4) желдету жүйесін тазарту, кезеңділіктің еселілігіне сәйкес ықтиярсыз желдету сүзгілерін ауыстыру;

5) вагондардың ішкі үй-жайларын және жабдықтарды жинау;

6) вагондарды алмалы-салмалы жабдық заттарымен жабдықтау;

7) ауыз су және отын құю;

8) вагондарды алмалы-салмалы мүкәммал заттармен – таза, құрғақ ақаулары жоқ төсек-орын жабдықтары және төсек-орын жабдықтары жиынтығымен қамтамасыз ету;

9) жолаушылар вагондарының керек-жарақтары нормаларына сәйкес жуу және дезинфекциялау құралдарымен жарақтандыру;

10) медициналық қобдишаны жол бойында пайдаланылғандардың орнына дәрі-дәрмектермен және таңу материалдарымен толықтыру жүргізіледі.

67. Вагондарды дезинсекциялық өңдеу айына 1 реттен сиретпей және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жүргізіледі. Вагондарды дератизациялық өңдеу тоқсанына 1 реттен сиретпей және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жүргізіледі. Вагондарды қосымша дезинфекциялық өңдеу эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жүргізіледі.

68. Жолаушылар поездарының айналым пункттерінде:

1) дәретханалар мен қоқыс жәшіктерін дезинфекциялық өңдеу;

2) ішкі жабдықтарды (өтінім бойынша) жөндеу;

3) вагондардың ішкі үй-жайларын және жабдықтарын ылғалды жинау, жуу;

4) вагондарға ауыз су және отын құю жүргізіледі.

МВҚК-нің айналым пункттерінде өзіне:

- 1) дәретханалар мен қоқыс жәшіктерін дезинфекциялық өңдеуді;
- 2) салондарды және тамбураларды ағымдағы жинауды;
- 3) вагондарға ауыз су құюды қамтитын ішінара дайындау жүргізіледі.

69. Ішкі үй-жайларды ылғалды жинау вагонды дезинфекциялық өңдеу аяқталғаннан кейін жуу құралдары қолданыла отырып жүргізіледі. Жинау жүргізілгеннен кейін жинау мүкәммалы мен шүберек зарарсыздандырылады, жуылады және кептіріледі.

70. Төсек-орын жабдықтары жиынтығына матрас, тысы бар жастық, маусым бойынша көрпелер, жастық тыс, жайма, көрпе тыс жатады.

71. Матрастар, жастықтар және қысқы көрпелер маусымдық дайындық кезінде жылына екі рет, сондай-ақ ластануына қарай және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша шаңнан тазалауға және камералық өңдеуге жатады.

Жазғы көрпелер айына екі реттен сиретпей жуылады немесе химиялық тазартуға жатады. Матрастар мен жастықтардың тыстары айына бір реттен сиретпей жуылады. Жастық тысты, жаймаларды, көрпе тыстарын ауыстыру әр рейстен кейін жүргізіледі.

Үстел үсті сулықтарын ауыстыру әрбір рейстен кейін, күннен қорғайтын перделер мен шымылдықтарды ауыстыру ластануына қарай жүргізіледі.

Кілем төсеніштері таза күйінде ұсталады, олар жуылады немесе тоқсанына 1 реттен сиретпей химиялық тазартылады.

72. Рейске жөнелту алдында және ластануына қарай көп рет пайдаланылатын ыдыстар мен асхана аспаптары жуу және дезинфекциялау құралдары пайдаланыла отырып, жуу раковинасында ыстық сумен жуылады.

73. Вагонның ішкі үй-жайларын және санитариялық-тұрмыстық жабдықтарды жинау арнайы киімде жүргізіледі. Арнайы киім тиісті таңбасы бар халаттың, резеңкелі қолғаптың екі жиынтықтан (салонды және дәретхананы жинау үшін бөлек) тұруға тиіс.

74. Әрбір вагонның жинау мүкәммалдарының жиынтығына: үш шелек, швабра, сыпырғыштар, қалақтар, шүберектер, щеткалар кіреді. Вагондарда еденнің кілем жабыны және (немесе) жұмсақ жиһаздар болған жағдайда, оларды жинау үшін жолаушылар поезының құрамы екі шаңсорғышпен қамтамасыз етіледі. Шелектер "дәретханаға арналған", "еденге арналған", "сөрелерге арналған" деп таңбаланады, шүберектерге белгі қойылады. "Сөрелерге арналған" шелекті қабырғаларды жуу үшін пайдалануға жол берілмейді. Жинау мүкәммалы арнайы бөлінген орында сақталады. Жинау мүкәммалын басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

75. Вагондар сыртқы және ішкі өңдеу аяқталғаннан кейін алмалы-салмалы мүкәммалмен, шай жабдықтарымен және ыдыспен, сабынмен, дәретхана қағазымен, сулықпен, қағаз сүлгілермен жабдықталады.

76. Вагондар төсек-орын жабдығымен рейстің ұзақтығына және жолаушылардың ағымына байланысты рейстегі орын саны бойынша жабдықталады. Төсек-орын жабдығының жиынтығына: кептірілген, үтіктелген, пломбаланған немесе жиынтықтау күні мен жиынтықтаушы адамның нөмірі көрсетіле отырып, жуу орнының мөртабаны бар арнайы заттаңбасы салынған конвертте (пакетте) тігілген жайма, конверті бар жайма, жабық түрдегі жастықтың тысы және орамал кіреді.

77. Жылдың қысқы және ауыспалы уақытында сыртқы ауа температурасы +10 °С және одан төмен болған кезде вагондарға жылу беріледі. Жолаушыларды отырғызу үшін вагонды беру алдында жылдың қысқы және ауыспалы уақытында үй-жайлардағы ауа температурасы +22 °С (+2 °С), жаз уақытында +24 °С (+2 °С) деңгейінде сақталады.

МВҚК-де жолаушыларды отырғызуға құрамды беру алдында вагондардағы ауаның температурасы +11 °С-ден +15 °С-ге дейінгі деңгейде, жол жүру бойына +22 °С (+ 2) деңгейінде сақталады.

78. Жолаушылар вагондарының купесіндегі шудың деңгейі 65 децибелден (бұдан әрі – дБа), тамбурда – 68 дБа, вагонаралық өту жолдарында – 80 дБа-дан жоғары болмауына, МВҚК салонында - 75 дБа-дан жоғары болмауына жол беріледі.

79. Жолаушылар вагондарында діріл деңгейі 8 сағат әсер ету кезінде 8000 Герц (бұдан әрі – Гц) жиілігінде нормаланған қисығы 64 дБа-ға тең болуына жол беріледі.

80. МВҚК салондарында және машинистердің кабинасында инфрадыбыстың рұқсат етілген шекті деңгейі 2 және 4 Гц октавалық жолағының жиілігі кезінде – 102 дБа, 8 және 16 Гц октавалық жолағының жиілігі кезінде – 99 дБа құрайды.

81. Машинист кабинасында және МВҚК салонында электромагниттік сәулеленудің рұқсат етілген шекті деңгейі осы Санитариялық қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген деңгейлерге сәйкес келеді.

82. Рейске жіберілетін штабтық вагон машинистпен байланыста болатын радиобайланыспен, толық жарақталған екі медициналық қобдишамен (ағымдағы және апаттық), медициналық зембілдермен, жол жүру бойында карантиндік аурумен ауыратын науқас немесе оны жұқтыру күдігі бар адам анықталған жағдайда, осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаның 1-кестесіне сәйкес

санитариялық-эпидемияға қарсы іс-шараларды жүргізу үшін эпидемияға қарсы жиынмен жарактандырылады.

**Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 03.09.2018 № ҚР ДСМ-9 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.**

83. Рейске жіберу алдында барлық вагондар алмалы-салмалы мүкәммалмен және жабдықтармен, медициналық қобдишамен қамтамасыз етіледі.

84. Арнайы вагондарда туберкулез микробактерияларын бөлетін және туберкулез микробактерияларын бөлмейтін науқастар бөлек үй-жайларға орналастырылады және дәріге сезімталдығы нәтижесі бойынша: көптеген дәріге тұрақты туберкулез қалғандарынан бөлек, кең көлемді дәріге тұрақты туберкулез қалғандарынан бөлек, дәріге сезімталдық тестінің нәтижесі белгісіз туберкулез қалғандарынан бөлек оқшауланады.

Науқастар бір рет қолданылатын хирургиялық бетперделермен, бір науқасқа 3-5 данадан кем емес бір рет қолданылатын түкіргіштермен қамтамасыз етіледі.

85. Жолаушылар поезының және МВҚҚ құрамына:

1) суық және ыстық сумен жабдықтау жүйесі, жылу, желдету, электр жарығы, санитариялық-техникалық жабдықтар, тоңазытқыштар, дәретханалардағы су ағызу тетігі ақаулы болғанда;

2) микроклиматы осы параграфта белгіленген талаптарға сәйкес келмеген жағдайда;

3) үй-жайлары лас, әйнектері сынған немесе жоқ болғанда, жылдың салқын және ауыспалы кезеңінде терезе жақтауларының бекітілмеуі, есіктері ақаулы болғанда;

4) тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштер болған жағдайда;

5) алмалы-салмалы мүкәммалмен және жабдықтармен жеткіліксіз түрде жиынтықталған жағдайда;

6) жатын вагондардың төсек-орын керек-жарақтарымен және төсек-орын жаюдығымен жеткіліксіз түрде жиынтықталған жағдайда вагондарды пайдалануға және құрамға қосуға жол берілмейді.

86. Жолаушылар поезының жол жүру бойында вагонның үй-жайларында тазалық сақталады. Үй-жайларды ылғалды жинау тәулігіне кемінде екі рет, дәретханаларды ылғалды жинау тәулігіне кемінде төрт рет жүргізіледі, кілем алашалар мен жұмсақ жиһаздардың шаңын тазарту шаңсорғышпен тәулігіне кемінде екі рет жүргізіледі. Ылғалды жинау жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, арнайы киімде жүргізіледі.

87. Науқастарды тасымалдауға арналған арнайы вагондарды дезинфекциялау режимі туберкулезге қарсы стационарларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді.

88. Таза және пайдаланылған төсек-орын жабдықтарын бір жерде бірге сақтауға жол берілмейді. Жолаушылар поезының жол жүру бойында және айналым пункттерінде пайдаланылған төсек-орын жабдықтары аузы байланған қаптарда сақталады.

**4-параграф. Жолаушылар вагондарының қоғамдық тамақтану объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

89. Жолда жүру ұзақтығы бір тәуліктен астам болған кезде жолаушылар поезының схемасына мейрамхана вагоны (бар вагоны, буфет вагоны (буфет купесі)) енгізіледі.

90. Мейрамхана вагоны үй-жайының жиынына: ас үй бөлімшесі, ас үй ыдыстарын жуу бөлмесі, асхана ыдыстарын жуу бөлмесі, ыдыстарды және асхана мүкәммалын сақтауға арналған шкаф, тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймалар немесе арнайы бөлінген орындар, ас ішетін залдар кіреді.

91. Буфет вагоны үй-жайларының жиыны: ас үй бөлімшесі (тек жартылай фабрикаттар және тез мұздатылған дайындық деңгейі жоғары аспаздық өнімдер пайдаланылады), асхана ыдыстарын жуу бөлмесі, сервиз бөлмесі, тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймалары, бар үстелшесі кіреді.

92. Бар вагонында: витриналары, шкафтар, сөрелер бар бар үстелшесі, тоңазыту жабдығы (шкафтар, сату үстелі, витриналар), аспаптары бар бір рет қолданылатын ыдыстар, келушілерге арналған тіркелген үстелдер және жартылай жұмсақ арқасы бар орындықтар, педальды қақпағы және тамақ қалдықтарына арналған полиэтилен қаптары бар қоқыс жинағыш, жинау мүкәммалы көзделеді.

93. Шикі өніммен және (немесе) жартылай фабрикаттармен жұмыс істейтін мейрамхана вагонының немесе буфет вагонының ас үйі үшін мынадай технологиялық жабдық: бұқтыру пеш шкафы бар плита, дайын тағамды жылытуға арналған жылу шкафы, ӨЖЖ пеші немесе конвекциялық (термобумен жиынтықталған) пеш, тоңазыту шкафтары, шикі және дайын өнімдерге арналған өндірістік үстелдер, дастарқан жаюға арналған үстел (ас үй мен қызмет көрсететін орын арасындағы), 2 секциялы ас үй ыдыстарын жууға арналған жуғыш, өнімдерге арналған жуғыш, мұздатылған тамақ өнімдерін ерітуге арналған шкаф (конвекциялық пештер болмаған жағдайда), дәмдеуіштерге арналған шкаф, кептіретін шкаф және ыдыстар мен ас үйі мүкәммалын сақтауға арналған шкаф, қақпағы және полиэтиленді қапшығы бар тамақ қалдықтарына арналған қоқыс жинағыш, өндірістік үстелдердің үстіне ілінетін қабырға желдеткіштері көзделеді.



94. Мейрамхана вагонындағы, бар вагонындағы, буфет вагонындағы (буфет купесіндегі) жарақтандыру пунктінде:

1) жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып үй-жайларды ылғалды жинау;

2) ауыз су құю;

3) ағымдағы жөндеу және техникалық қызмет көрсету;

4) қатты және жұмсақ мүкәммалды, ыдыстарды тиеу;

5) азық-түлік (тамақ) шикізаттарын және басқа да тамақ өнімдерін тиеу жүргізіледі.

Вагондарды дезинсекциялық өңдеу айына 1 реттен сиретпей және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі. Вагондарды дератизациялық өңдеу тоқсанына 1 реттен сиретпей және эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі. Вагондарды қосымша дезинфекциялық өңдеу эпидемиологиялық көрсетімдері бойынша жүргізіледі.

95. Мейрамхана вагонының, бар вагонының, буфет вагонының (буфет купесінің) суын ағызу, сумен жабдықтау жүйесін жуып-шаю және дезинфекциялау тоқсан сайын, деполық және күрделі жөндеу кезінде және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша атқарылған жұмыс актісі сақтала отырып жүргізіледі.

96. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктінің өндірістік және тұрмыстық үй-жайларын басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

97. Тамақ ішетін зал бекітілген үстелдермен, қаптамасы ылғалды жинау және дезинфекциялау үшін төзімді материалдардан жасалған жартылай жұмсақ орындықтармен жабдықталады. Үстелдердің периметрі бойынша ернеуінің биіктігі кемінде 5 мм болатын жиегі болады.

98. Үй-жайларды ағымдағы жинау жуу және дезинфекциялау құралдары қолдана отырып ластануына қарай, бірақ 24 сағат ішінде екі реттен сиретпей жүргізіледі. Жуу және дезинфекциялау құралдары арнайы бөлінген орында дайындаушының ыдысында немесе қақпағы бар таңбаланған, күнгірт ыдыста сақталады.

99. Жинау мүкәммалы таңбаланады, әрбір өндірістік учаскеге, үй-жайларға бекітіледі және арнайы бөлінген орындарда бөлек сақталады.

100. Өндірістік жабдық, тамақ өнімдерін өңдеуге арналған тетіктер технологиялық процестің ағымдылығы және оларға персоналдың еркін қол жеткізу мүмкіндігі ескеріле отырып орнатылады.

101. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктінде плита периметрі бойынша ернеумен және ішке сору шатыры бар ауа бүркенішімен жабдықталады.

102. Мейрамхана вагонның ас блогында мынадай өндірістік жабдықтар:

- 1) бұқтыру пеші шкафы бар плита;
- 2) конвекциялық (термобумен жиынтықталған) пеш;
- 3) тоңазыту жабдығы (шкафтар, витриналар, сөрелер, камералар);
- 4) шикі және дайын өнімдерге арналған өндірістік үстелдер;
- 5) дастарқан жаюға арналған үстел;

б) дәмдеуіштерге, ыдыстарды және ас үйі мүкәммалын сақтауға арналған шкафтар, кептіргіш;

7) қақпағы және полиэтиленді қапшығы бар, тамақ қалдықтарына арналған қоқыс жинағыш орнатылады.

103. Көбірек мұздатуды қажет ететін дайын өнімді пайдаланған кезде төмен температуралы тоңазыту жабдығы қосымша көзделеді.

104. Ас блогында көкөністерді қысқа уақытқа сақтауға және өңдеуге арналған орын бөлінеді.

105. Шикі және дайын тамақ өнімдерін өңдеуге арналған өндірістік үстелдер жиегі дөңгелектелген, саңылауы жоқ жабындардан дайындалады.

106. Жуу үй-жайында мыналар:

1) пайдаланылған асхана ыдыстарын қабылдауға арналған үстел;

2) ыдыстарды жуу үшін себезгі саптамалары және суды ағызатын тесіктерді жабуға арналған бауға бекітілген тығындары бар араластырғыш арқылы әр ваннаға ыстық және суық су өткізіле отырып асхана ыдыстарын және асхана аспаптарын жууға арналған екі секциялық ванналар;

3) таза ыдыстарды кептіруге және сақтауға арналған орын;

4) тамақ қалдықтарына арналған педальды қақпағы бар қоқыс жинағыш орнатылады.

107. Қызмет көрсету орнында дайын тағамдарды қабылдауға арналған үстел, таза аспаптар мен стақандарды сақтауға арналған шкаф көзделеді.

108. Қойма үй-жайларында көкөністерді, картопты, жеміс-жидектерді сақтауға арналған және құрғақ тамақ өнімдерін сақтау үшін жеке орын бөлінеді, шикі және дайын тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш жабдығы орнатылады.

109. Ас блогы шикі етті тартуға арналған еттартқышпен немесе ауыстыратын тетігі бар әмбебап жетекпен қамтамасыз етіледі. Дайын тамақ өнімін ұнтақтау үшін еттартқышты пайдалануға жол берілмейді.

110. Өнімдерді бөлшектеу үшін тегіс, саңылаулары мен тесіктері жоқ бөлшектеу тақтайлары пайдаланылады. Пышақтар мен бөлшектеу тақтайлары мақсатына қарай таңбаланады: "ШЕ" (шикі ет), "ШБ" (шикі балық), "ПБ" (піскен

балық), "ПЕ" (піскен ет), "ШК" (шикі көкөніс), "ПК" (піскен көкөніс) "ЕГ" (ет гастрономиясы), "БГ" (балық гастрономиясы), "Н" (нан), "М" (майшабақ).

111. Шикі және дайын тамақ өнімдеріне арналған бөлшектеу тақтайлары мен пышақтар бөлек сақталады. Бөлшектеу тақтайлары ұяшықтарда "қырынан" қойылып сақталады, бірінің үстіне бірін қойып сақтауға жол берілмейді.

112. Алюминийден және дюралюминийден жасалған ыдыстар тамақты дайындау және оларды қысқа уақытқа (бір сағаттан аспайтын уақытқа) сақтау үшін ғана пайдаланылады.

113. Фаянстан, фарфордан, шыныдан жасалған асхана және шай ыдыстары, тот баспайтын болаттан жасалған асхана құралдары пайдаланылады. Нормалау құжаттарына сәйкес Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген полимерлі материалдан жасалған ыдыстарды қолдануға жол беріледі.

114. Ыдыстарды, асхана құралдарын мен айналыстағы ыдыстарды жуу мынадай тәртіпте жүргізіледі:

- 1) тамақ қалдықтарын механикалық жолмен тазалау;
- 2) жуу құралдарын қосып жуу;
- 3) ыдыстарды ыстық ағынды сумен шаю;
- 4) ыдыстарды тор көзді сөрелерде, стеллаждарда кептіру.

115. Жұмыс күнінің соңында асхананың барлық ыдыстары мен құралдары дезинфекцияланады.

116. Жұмыс соңында өндірістік үстелдер жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып жуылады, ыстық сумен шайылады.

117. Әрбір технологиялық операциядан кейін бөлшектеу мүкәммалы өңдеуге: механикалық жолмен тазартуға, жуу құралдары пайдаланыла отырып ыстық сумен жууға, ыстық ағынды сумен шайуға, тор көзді металл стеллаждарда кептіруге жатады.

118. Жұмыс аяқталған соң әмбебап жетекке алмалы-салмалы тетіктер немесе еттартқыш бөлшектеп алынады, жуылады, ыстық сумен өңделеді, кептіріледі және арнайы бөлінген орында сақталады.

119. Ыдыстарды жууға арналған щеткалар күн сайын жұмыстан кейін жуылады, кептіріледі және арнайы бөлінген орында сақталады.

120. Сорпаны сүзуге арналған елек әрбір қолданған сайын ыстық сумен жуылады және кептіріледі.

121. Ас үйдің таза ыдысы мен мүкәммалы арнайы аспалы шкафтарда, жартылай фабрикаттарға арналған ыдыстар арнайы бөлінген орында сақталады.

122. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтау шарттары және оларды өткізу мерзімдері сақталады, ілеспе құжаттарда оларды дайындау, жіберу уақыты және өткізу мерзімдері көрсетіледі.

123. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктінде мыналарды:

1) сапасы мен қауіпсіздігін растайтын ілеспе құжаттары жоқ азық-түлік шикізаттары мен тамақ өнімдерін;

2) сыртқы қабығы ластанған, жарылған жұмыртқаны, сондай-ақ сальмонеллез бойынша қолайсыз шаруашылықтардың тауық жұмыртқаларын, үйрек, қаз және басқа да құстардың жұмыртқаларын;

3) банканың герметикалығы бұзылған, қақпағы дүмпиіп кеткен, сыртын тот басқан, сырт пішіні бұзылған, заттаңбасы жоқ консервілерді;

4) қамба зиянкестерімен зақымдалған жарманы, ұнды, кептірілген жемістерді және басқа да тамақ өнімдерін;

5) көгерген және шіріген белгісі бар көкөністер мен жемістерді;

6) жеуге жармайтын, құрттаған, езілген саңырауқұлақтарды;

7) жарамдылық мерзімі өтіп кеткен және сапасыздық белгілері бар азық-түлік шикізаттары мен тамақ өнімдерін;

8) үйде дайындалған азық-түлік шикізаттары мен тамақ өнімдерін қабылдауға жол берілмейді.

124. Мейрамхана вагонында шикі, дайын тамақ өнімдерін, жартылай фабрикаттарды сақтау нақты тамақ өніміне арналған құжаттама талаптарына сәйкес сақтау, тасымалдау және өткізу шарттары, мерзімдері сақтала отырып тоңазытқыштарда бөлек жүзеге асырылады. Шикі жұмыртқаларды гастрономиялық және сүт өнімдерімен бірге сақтауға жол берілмейді.

125. Тез бұзылатын және өзге де тамақ өнімдерін сақтау кезінде температуралық режимді сақтау мақсатында тоңазытқыш жабдығы жолаушылар поезының барлық жол жүру бойында электр энергиясымен жабдықталады және бақылау термометрлерімен жарақталады.

126. Нан және сусымалы тамақ өнімдері шкафтарда сақталады, шкафтың төменгі сөресі еденнен кемінде 35 сантиметр (бұдан әрі – см) қашықтықта болады. Нанға арналған шкафтың есігінде желдетуге арналған саңылау көзделеді.

127. Сары май зауыт қаптамасында немесе кесек түрінде пергаментке оралған күйде сақталады. Сүт және сүт өнімдерін кішігірім етіп өлшеп-оралған күйінде алады.

128. Тамақ шағын партиямен дайындалады, ыстық тағамдарды тарату тікелей плитаның үстінен жүзеге асырылады. Жаңа піскен тамақты өткен күнгі тамақтың қалдығымен араластыруға жол берілмейді.

129. Бірінші тағамға арналған піскен ет порциялары тоңазытқышта алты сағаттан асырпайтын уақытта сақталады және ол қолдану алдында он минут бойына қайта термиялық өңдеуден өтеді және +70 °С-тан төмен емес температурада үш сағаттан аспайтын уақытта плитаның үстіндегі сорпаның ішінде болады.

130. Тартылған ет аз партиямен дайындалады және +2 °С-дан аспайтын температурада 3 сағаттан аспайтын уақыт сақталады. Тартылған етті салқын емес жерде сақтауға жол берілмейді.

131. Көкөністер, жемістер, жидектер, тазартылған көкөністер және көкшөп ағынды ауыз сумен мұқият жуылады.

132. Ыстық тағамдар таратылуға дейін бір сағат бұрын дайындалады, оларды өткізу мерзімі 3 сағаттан аспайды. Бірінші тағам +75 °С-дан төмен емес, екінші тағам +65 °С-дан төмен емес, салқын сорпалар, сусындар +14 °С-дан жоғары емес температурада ұсталады.

133. Салқын тіскебасарлар дайындалған кезден бастап тоңазытқыш шкафта екі сағаттан аспайтын, бутербродтар бір сағаттан аспайтын уақыт сақталады.

134. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктінде:

1) сілікпелерді, құймаларды, паштеттерді, флотша макарондарды, ет оралған құймақшаларды, ет қосылған самсаларды және винегреттерді дайындауға;

2) II-III санатқа жататын қосымша ет өнімдерінен пісірілген тағамдарды және өкпе-бауырдан жасалған шұжықтарды өткізуге;

3) "самоквасты" дайындауға және пастерленбеген сүттен жасалған сүзбені өткізуге жол берілмейді.

135. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерін қоса алып жүретін және оларды тиеу мен түсіруді орындайтын адамдар арнайы киімде жұмыс істейді.

136. Тез бұзылатын тамақ өнімдері салқындалатын немесе изотермиялық жағдай сақталатын көлік құралында тасымалданады. Аспаздық және кондитерлік бұйымдар дайындау және өткізу мерзімі көрсетіле отырып, таңбаланған және таза ыдыста тасымалданады.

137. Тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған көлік құралы күн сайын жуу құралдарын пайдалана отырып жуылады және дезинфекцияланады.

138. Еттен, балықтан, көкөністен жасалған жартылай фабрикаттар тығыз жабылатын қақпағы бар арнайы таңбаланған ыдыста тасымалданады. Осы ыдысты шикізатты және дайын тамақ өнімін сақтау үшін пайдалануға жол берілмейді.

139. Нан және ұннан жасалған кондитерлік бұйымдар арнайы науаларда жабық түрде тасымалданады.

140. Шай жабдықтарына және ыдыстарға арналған шкафта бөгде заттарды сақтауға жол берілмейді.

141. Вагондарда тамақ өнімдерін және сусындарды өткізуге олардың сапасы мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар болған кезде жол беріледі.

142. Кондитерлік өнімдер жолаушыларға дайындаушы зауыттың қаптамасында беріледі. Шай, кофе, кондитерлік өнімдерді, ланч-бокстарды таратуды жолсерік санитариялық киімде (алжапқыш немесе күрте) жүргізеді.

143. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктiнiң жұмыскерлерi арнайы киiмде жұмыс iстейдi, шашын қалпақтың немесе орамалдың астына жинайды, шығарда және дәретханаға барар алдында арнайы киiмдерiн шешедi. Жұмыскерлер қолының тазалығын қадағалайды, жұмыс басталар алдында және жұмыстағы әрбiр үзiлiстен кейiн, бiр операциядан екiншiсiне көшкен кезде, ластанған заттарды ұстағаннан кейiн қолын жуады және дезинфекциялайды.

144. Күн сайын ауысым басталар алдында жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктiнiң басшысы терiнiң зақымдануының болуын анықтау үшiн жұмыскерлер денесiнiң ашық жерлерiн қарап шығады. Денесiнде iрiндi терi аурулары бар, кесiлген жарасы iрiндеген, күйген, жырып кету белгiлерi бар, сондай-ақ инфекциялық аурулармен ауыратын және инфекциялық ауруларға күдiктi адамдар жұмысқа жiберiлмейдi.

145. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктiнде жөндеу жұмыстарымен айналысатын жұмыскерлер таза арнайы киiммен жұмыс iстейдi, құрал-саймандар арнайы жабық жәшiкте тасымалданады.

146. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктiнде темекi шегуге, киiмдерiн жууға және кептiруге жол берiлмейдi.

147. Жолаушылар поезының қоғамдық тамақтану пунктi сабынмен, сүлгiлермен және арнайы киiм жиынтығымен қамтамасыз етiледi. Арнайы киiмдi ауыстыру күн сайын және ластануына қарай жүргiзiледi. Таза арнайы киiмдi сақтау жұмыскерлердiң демалуы үшiн бөлiнген купеде таңбаланған қаптарда бөлек жүзеге асырылады.

148. Мыналар:

1) суық және ыстық сумен жабдықтау, жылыту, желдету, электр жарығы жүйелері, санитариялық-техникалық жабдығы, тоңазытқыштары мен тоңазытқыш қондырғылары ақаулы болғанда;

2) микроклиматы осы тараудың 3-параграфында белгіленген талаптарға сәйкес келмегенде;

3) үй-жайлары лас болғанда, әйнегі сынған немесе болмағанда, жылдың суық және ауыспалы кезеңінде терезелердің жақтаулары бекітілмеген болса, есіктері ақаулы болса;

4) тұрмыстық жәндіктер мен кеміргіштер болғанда мейрамханалар вагонын, барлар вагонын, буфеттер вагонын (буфеттер купесін) жолаушылар поезының құрамына қосуға және пайдалануға беруге жол берілмейді.

**5-параграф. Багаж және почта багажы вагондарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

149. Рейске жөнелту алдында багаж, почта багажы вагоны төсек-орын жабдықтарымен, асхана, шай, ас үй ыдыстарымен, ауыз суға арналған сыйымдылықпен жабдықталады.

150. Қызметтік купеде рундугі бар төменгі қатты диван, үстел, шкаф және жоғарғы жұмсақ сөре орнатылады.

151. Рейстің ұзақтығына, бригаданың санына және вагонның сыртқы және ішкі ауа температурасына қарамастан тұрақты түрде желдету және ауаның алмасуы көзделеді.

152. Вагондардың салондарында жолаушылар вагондарындағы сияқты микроклиматтың, шудың, дірілдің, жарықтандырудың параметрлері, физикалық факторлардың рұқсат етілген шекті деңгейлері және химиялық зиянды заттардың РШШ қамтамасыз етіледі.

153. Әскерилендірілген теміржол күзеті жұмыскерлері үшін: жатын купе, демалуға және ас ішуге арналған салон, дәретхана, арнайы киімді және жеке қорғаныш құралдарын сақтау мен кептіруге арналған үй-жай, асхана ас үйі көзделеді.

154. Асхана ас үйі: ас үй плитасымен, тоңазытқышпен, ыдыс жуатын раковинамен, бөлшектеу үстелімен, ыдыстарды сақтауға арналған шкафпен, ас үй мүкәммалымен, тамақ өнімдерімен, тамақ қалдықтары мен қоқыс салатын ыдыспен жабдықталады. Плитаның үстінде сору шатыры көзделеді.

155. Вагонға берілетін төсек-орын жабдықтарының саны бір адамға екі жиын есебінен анықталады.

156. Қарауыл қызметін атқарған кезде күзетші қысқы арнайы киіммен, арнайы аяқ киіммен және беті мен денесінің ашық жерлерін үсіріп алудан қорғайтын маймен қамтамасыз етіледі.

157. Әскерилендірілген теміржол күзетінің жұмыскерлері арнайы киіммен, жеке қорғаныш құралдарымен қамтамасыз етіледі.

158. Жұмыскерлер қауіпті, химиялық жүктерді қорғау бойынша қарауыл қызметін атқарған кезде уланулардың алдын алу жөніндегі нұсқамадан өтеді.

159. Жеке қорғаныш құралдары оларға бөлінген үй-жайларда, жеке шкафтарда сақталады.

160. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен қамтамасыз етуді, жеке қорғаныш құралдарын, арнайы киімді, арнайы аяқ киімді беруді, сақтауды және пайдалануды жұмыс беруші жүзеге асырады.

**6-параграф. Жолаушылар вагондарында өндірістік және тұтыну қалдықтарын жинауға, жоюға, залалсыздандыруға және тазартуға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

161. Қоқыстарды, өндірістік тамақ қалдықтарын жинау қақпағы бар және ішіне полиэтиленді қапшық салынған қоқыс салғышта жүзеге асырылады. Қоқыс салғыш вагонның қызметтік емес шағын дәлізінде тұрады, оның алмалы- салмалы қапшығы болады.

162. Жолаушылар поездарын құрастыру, айналым пунктінде, олар тоқтап тұратын орындарда теміржол жолдарын және жоларалықтарды қоқыстармен және басқа да қалдықтармен ластауға жол берілмейді. Вагондардан шыққан қоқыс жабдықтау пунктіндегі және тоқтап тұратын парктегі жабдықталып бетондалған алаңдарда орнатылған қоқыс салғыштарға шығарылады.

163. Жол жүру бойына жиналған қоқыс вагоннан тізімі қызметтік кестеде және жолаушылар поездары қозғалысының технологиялық схемасында айқындалған жол жүру бойындағы теміржол станцияларының қоқыс салғыштарына шығарылады. Қоқыс шығарылғаннан кейін қоқыс салғыш (сыйымдылық) жуылады және дезинфекцияланады.

164. Аялдамаларда, ірі теміржол станцияларынан, санаторийлік-курорттық және қала маңындағы аймақтардан, тоннельдерден, көпірлерден өткен кезде, жабдықтау және тоқтап тұру пункттерінде дәретханаларды пайдалануға жол берілмейді.

165. Жолаушылар поезының әр вагонында поезд өтетін барлық теміржолдар бойынша санитариялық аймақтың шекаралары туралы ақпарат ілінеді. Вагондар жабық үлгідегі дәретхана жүйесімен жабдықталған жағдайда оларды барлық жол жүру бойында және аялдамаларда пайдалануға жол беріледі.

166. Жабық үлгідегі дәретханаларда құбырлар жүйесі лас қалдықтардың герметикалық жағдайда жинағыш бактарға түсуін қамтамасыз етеді.

167. Жинағыш бактарды лас қалдықтардан тазарту арнайы жолдарда мамандандырылған ассенизациялы көлікпен немесе айдау бойынша стационарлық кешендермен (бұдан әрі – АСК) жүргізіледі. Лас қалдықтарды тамбур арқылы айдауға және оның ағуына жол берілмейді.

168. Басқару пульті бактың 80-90% толу деңгейін көрсететін жарық сигналдары көрсеткішімен жарақтандырылады. Жарық сигналдары көрсеткіші ақаулы болған кезде вагонды рейске жөнелтуге жол берілмейді.



169. Жолаушылар поездарын құрастыру және олардың айналым пунктiнiң аумағында және техникалық тұрақтарда ассенизациялық көлік вагондарына кiретiн жолдың болу мүмкiндiгi көзделедi. Су құю колонкалары орнатылған жоғарылықтарды осы мақсатта пайдалануға жол берiлмейдi.

170. Ассенизациялық көлiктен лас қалдықтарды кәрiзге, қалалық (кенттiк) кәрiздiң ағызу станцияларына немесе герметикалық жағдайда АСК-ге төгу жүзеге асырылады.

171. Жинағыш бактар айына 1 реттен сиретпей және эпидемиологиялық көрсетiмдер бойынша жоспарлы профилактикалық дезинфекциялауға жатады.

172. Ассенизациялық көлiктiң цистерналары лас қалдықтарды төккеннен кейiн арнайы алаңдарда сумен жуылады.

173. АСК мен ассенизациялық көлiк жұмыскерлерi арнайы киiмде, аяқ киiммен, қолғаппен, бетпердемен жұмыс iстейдi.

**7-параграф. Локомотив бригадаларының жұмыс жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

174. Машинистiң кабинасында дiрiлден және шудан оқшаулау қамтамасыз етiледi.

175. Машинист кабинасының ауданы жаңадан салынып жатқан локомотивтер мен арнайы АЖҚ үшiн кемiнде 5,5 шаршы метр (бұдан әрi - м<sup>2</sup>) болып көзделедi.

176. Алдыңғы және бүйiр терезелер вертикаль бағытпен реттелетiн, күннен қорғайтын құрылғылармен жабдықталады. Машинист кабинасы нысанының ерекшелiктерiне байланысты шыныларының контурасы конструктивтi еңкiш келетiн терезелер үшiн бүйiр жақтарынан ойық қалдырылуына жол берiледi.

177. Алдыңғы терезелер бағдаршамдар сигналдарының түсiн бұрмаламай, жақсы көрiнуiн қамтамасыз етедi.

Оларды орнату бұрышы оларда сыртқы жарық сигналдары мен жарықтың iшкi көздерiнiң шағылысуын болдырмауы ескерiле отырып таңдалады.

178. Машинистiң көзiнен алдыңғы терезеге дейiнгi арақашықтық 600-1000 мм құрайды.

179. Пульттегi ақпаратты бейнелеу құралы басқару алгоритмi мен көздiң бағытын есепке ала отырып мына:

- 1) орталық – 4 градус (бұдан әрi – °) бұрышы;
- 2) анық көру – 30-35°;
- 3) перифериялық көру 75-90° бұрышы аймағында орналастырылады.

180. Су, май және отын құбырларының дизель отынын, майды және тот басуға қарсы тұнбалардың адамның терiсiне түсуiн болдырмайтын тығыздығы болады.

181. Машинистiң креслосы:

- 1) арқалығы шалқайып реттелетiн;

2) локомотив осінің биіктігі бойынша және бағыты бойынша реттеуді қамтамасыз ететін, қайырылатын шынтак қойғышпен;

3) берік, ауа өткізетін және жеңіл тазартылатын материалдан жасалған жұмсақ тыспен қапталып, орнатылады.

182. Машинистің және оның көмекшісінің артқы шеткі жағдайда жылжытылған креслосының артында ені кемінде 150 мм болатын еркін өту жолы көзделеді.

183. Локомотив және АЖҚ машинисінің кабинасында табиғи желдетуге арналған құрылғы (терезелер, люктер) көзделеді.

184. Машинистің кабинасында мынадай температуралық сипаттамалар ұсталады:

1) жылдың күзгі-қысқы және көктемгі кезеңінде терезесі жабық болған кезде машинистің кабинасындағы ауаның орташа температурасы +16 °С-дан +18 °С-ге дейін;

2) машинист кабинасындағы ауа температурасының өзгеруі 50-100 мм деңгейде және еденнен 1,5-2 м. биіктікте 4-5 °С-ден аспайды.

185. Еденнен 1500 мм биіктікте кабинадағы ауа температурасы:

1) қоршаған ауа температурасы +10 °С-ден +20 °С дейін болғанда +20 °С-ден - 24 °С дейін;

2) қоршаған ауа температурасы +20 °С-ден +30 °С дейін болғанда +22 °С-ден +24°С дейін;

3) қоршаған ауа температурасы +30 °С-ден жоғары болғанда +28 °С-ден аспайды.

186. Ауаның салыстырмалы ылғалдылығы 70 %-дан аспайды.

187. Ауа қозғалысының жылдамдығы 0,2-0,4 м/сек шегінде. Локомотивтердің үй-жайларын салқындату жүйесінің тиімділігі осы Санитариялық қағидаларға 5-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес бағаланады.

188. Машинистің кабинасы мынадай талаптарды қамтамасыз ететін ауаны жылытатын және салқындататын құрылғылармен жабдықталады:

1) жылыту жүйесінде жылытылған ауаны аяқ, есік және алдыңғы терезе аймақтарына беруге арналған ауа өткізгіштер, ауа температурасын баяу қолымен және автоматты түрде реттеу көзделеді;

2) салқындату жүйесі салқындатылған ауаны төбе деңгейінде немесе еденнен 1500 мм деңгейде, ал терезе алдындағы аймақта 1200 мм деңгейінде таратуды қамтамасыз етеді;

3) салқындатылған ауа отырған адамның басына берілмейді;

4) салқындату жүйесі үшін экологиялық таза хладагент пайдаланылады;

5) жергілікті салқындату кезінде ауа алдыңғы жағынан, төбеден алдыңғы терезеге үрлей отырып машинистің беті мен мойнының аймағына беріледі.

189. Локомотивтер үй-жайларының ішкі қоршауларының жылу оқшаулау қасиеттері осы Санитариялық қағидаларға 6-қосымшада көрсетілген талаптарға сәйкес келеді.

190. Машина бөлімшесінде желдету үшін ашылатын терезе немесе люк көзделеді.

191. Локомотивтер үй-жайларындағы және АЖҚ-дағы дыбыстың және дыбыстық қысымның рұқсат етілген шекті деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 7-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

192. Локомотивтер үй-жайларындағы және АЖҚ-дағы инфрадыбыстың рұқсат етілген шекті деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 8-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

193. Локомотив кабинасындағы дірілді үдетудің рұқсат етілген шекті мәндерінің осы Санитариялық қағидаларға 9-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

194. Локомотивтердегі жұмыс орындарында және АЖҚ-да электромагнитті сәулеленудің рұқсат етілген шекті мәнінің осы Санитариялық қағидаларға 10-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды.

195. Үй-жайлардың ауа ортасының ластану деңгейін бағалау кезінде анықталған заттардың іс жүзіндегі шоғырлануының олардың РШШ-ге қатынасы бір бірліктен аспайды.

196. Жасанды жарықтандыру мынаны:

1) машинистің кабинасында басқару пульті мен құралдары деңгейінде жұмыс бетінде 20 лк;

2) басқару пультінің панелінде 1,2 лк;

3) машина үй-жайында – кемінде 30 лк және еденнен 1,5 м деңгейде жоғары вольтты камерада кемінде 20 лк-ті көздейді.

197. Кабинада еденнің деңгейінде кемінде 5 лк авариялық жарықтандыру көзделеді.

198. Кабиналардағы шамдар жарық көзінің беттерінен түсетін тікелей және шағылысқан жарық ағыны жұмыс орындарында "отырып" және "тұрып" басқару кезінде машинистің және оның көмекшісінің көзіне түспейтіндей етіп орналастырылады.

199. Кабинадағы және машина үй-жайындағы шамдардың сүттей аппақ түсті плафондары болады.

200. Электровозда мынадай санитариялық-тұрмыстық құрылғылар:

- 1) санитариялық торап;
- 2) суы жылытылатын қолжуғыш;
- 3) жеке және арнайы киімдерді, жеке қорғаныш құралдарын, құжаттамаларды, құрал-саймандарды сақтауға арналған шкаф;
- 4) тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш және 2 термосты орналастыруға арналған орын (ұяшық);
- 5) тамақты жылытуға арналған құрылғысы бар жабдықталған орын көзделеді.

### 3-тарау. Әуе көлігі құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар

201. Әуе кемесін жарықтандыру құрамдастырылған түрде көзделеді: табиғи және жасанды.

202. Салонда және герметикалық әуе кемесі экипажының кабинасында ауа баптау жүйесі көзделеді.

203. Тоқтап тұрған уақытта әуе кемесінің микроклиматы борттағы жерүсті ауа баптау жүйесінің немесе жерүсті ауабаптағыштың көмегімен ұсталады. Сыртқы ауа температурасы +15 °С және одан төмен болған кезде кабинаның ауасы +15 °С-дан төмен емес температураға дейін жылытылады, сыртқы ауа температурасы +25 °С-дан жоғары болған кезде сыртқы ауа температурасымен салыстырғанда ауа 5-8 °С-ға (бірақ +20 °С-дан төмен емес) салқындатылады.

204. Экипаж кабиналарында ұшқыш креслосының отыратын орнының, арқалығының және басқа элементтерінің беті ластан жеңіл тазартуды қамтамасыз ететін жабыны бар жартылай жұмсақ болып жасалады.

205. 6000 м жоғарыда ұшу кезінде әуе кемесі экипажының ғарыштық сәулеленуінің эквивалент мөлшері жылына 5 микрозиверттен аспауы тиіс. Жерүсті жағдайларында табиғи сәулеленумен белгіленген және медициналық куәландыру мен емдеу кезінде алынатын мөлшер ескерілмейді.

Әуе кемелері экипаждары мүшелері алған сәулеленудің жеке мөлшерлерін бақылау және есепке алу нормалау құжаттарына сәйкес жүзеге асырылады.

Осы Санитариялық қағидаларда белгіленген мөлшердің шегі дыбыстан жылдам әуе кемесі көліктеріне қолданылмайды.

206. Жолаушылар тасымалына арналған әуе кемесі осы Санитариялық қағидаларға 4-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес әмбебап профилактикалық жиынтықпен, осы Санитариялық қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес мүкәммалмен, гигиена құралдарымен жарақталады.

Жиынтықтардың ең аз саны осы ұшақта тасымалдауға рұқсат етілген жолаушылардың санына сәйкес келеді (0-ден 10 жолаушыға дейін 0 дана, 11-ден 200 жолаушыға дейін 1 дана, 201-ден және одан да жоғары жолаушыларға 2 дана).

207. Әуе кемесінде карантиндік және аса қауіпті инфекциялық ауруларға күдікті науқас анықталған жағдайда пайдаланушы мынадай іс-шараларды жүргізеді:

1) науқас жанасқан багаж, қол жүгі дезинфекцияланады;

2) кейіннен олар кір жуатын орынға немесе химиялық тазалау орнына тапсырыла отырып, жамылғылар, бас тірегіштер, жастықтардың тыстары және жұмсақ мүкәммәл камералық жолмен өңделеді (эпидемиялық көрсетімдер бойынша);

3) пайдаланылған жинау мүкәммалдары және шүберек дезинфекциялау ерітіндісіне салынады;

4) әуе кемесін дезинфекциялау әуежайдың санитариялық тұрағында жүргізіледі.

**1-параграф. Әуе көлігі құралдарын күтіп-ұстауға және пайдалануға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

208. Әуе кемесі нормалау құжаттарына сәйкес ауыз сумен қамтамасыз етіледі.

209. Әуе кемесінен сарқынды суларды жинау герметикалық жағдайы сақталған кезде сарқынды су кейіннен шаруашылық-нәжіспен ластанған кәрізге ағызыла отырып, арнайы машинада жүзеге асырылады. Сарқынды суларды ағызу орнының аумағы қатты жабынмен және кірме жолдармен қамтамасыз етіледі.

Әуежайдағы ауыз суды құю пунктінде мамандандырылған машиналарға құюға (жууға), сондай-ақ оны су құюшыға тікелей жақын (30 м-ден кем) орналастыруға жол берілмейді.

210. Жолаушылар салонын, экипаждың кабинасын, буфет және санитариялық-техникалық жабдықтарды, дәретханаларды, багаж бөліктерін ылғалды жинау аралық немесе базалық әуежайға келуі бойынша әр рейстен кейін жүргізіледі. Ылғалды жинау салоннан басталады, дәретхананы жинау жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, соңғы кезекте жүргізіледі.

211. Салонда кілем төсеніштер, креслолардың тысы, қайырмалы үстелдер, багаж сөрелері жинауға жатады. Кілемдерді тазарту шаңсорғышпен жүргізіледі. Креслолардың бастіректері әрбір рейстен кейін немесе жолаушыларды ауыстыру кезінде қонатын аралық аялдамаларда ауыстыруға жатады. Қайырмалы үстелдер, багаж сөрелері, шынтак қоятын орын жууға және дезинфекциялау құралдарымен екі рет өңдеуге жатады.

212. Әуе кемесінде борттық тамақтандыру ұйымдастырылған кезде пайдаланылған борттық ыдыс сыйымдылыққа жиналады, жуу және дезинфекциялық өңдеу үшін борттық тамақтандыру цехына жіберіледі.

213. Буфет жабдығы алмалы-салмалы ас үй мүкәммалын (контейнерлер) және пайдаланылған борттық ыдысты борттық тамақтандыру цехына тапсырғаннан

кейін жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, ылғалды жинауға жатады.

214. Бір рет қолданылатын борттық ыдыс, жұмсақ мүкәммал жою үшін жеке полиэтилен қапшықтарға жиналады.

215. Жинаумен айналысатын адамдар арнайы киімде жұмыс істейді, жинау үшін таңбаланған жинау мүкәммалы пайдаланылады.

216. Ұшу кезінде қоқыс бір рет қолданылатын қапшықтарға жиналады және әуежайға қонғаннан кейін қоқыс жинауға арналған контейнерлерге шығарылады.

217. Әуе кемесін жуу сарқынды суды қабылдауға арналған құрылғылармен жабдықталған арнайы алаңда жүргізіледі. Әуе кемесінің трапы жуу және дезинфекциялау құралдары қолданыла отырып, ылғалды жинауға жатады.

218. Әуе кемесіне ауыз су құюға пломба салынған люкі бар су құю машиналары жіберіледі.

219. Әуе кемесін сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін ұйым осы Санитариялық қағидаларға 12-қосымшада көрсетілген нысандар бойынша әуе кемесіне ауыз су құю журналын және жүргізілген дезинфекциялар туралы журналды жүргізеді.

220. Су дайындауға тікелей қатысы бар және әуе кемесіне ауыз су құюды қамтамасыз ететін адамдар арнайы киімде жұмыс істейді.

221. Су құю машинасының жүргізушісі және авиатехник кәріз жүйесіне қызмет көрсету, қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау және әкету, химиялық және басқа да қауіпті заттармен байланысты жұмыстарға тартылмайды.

222. Рейс аяқталғаннан кейін су қалдығы сумен жабдықтау жүйесінен жиынтық ұзақтығы төрт сағаттан астам уақыт ағызылады.

223. Пайдаланушы тоқсанына бір рет және эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша атқарылған жұмыстар актісін сақтай отырып, әуе кемесінің сумен жабдықтау жүйесіне профилактикалық жууды және дезинфекциялауды жүргізеді.

224. Әуе кемесін сумен жабдықтауды қамтамасыз ететін ұйым тоқсанына бір рет су құятын машинаның сыйымдылықтарын және шлангісін, он күнде бір рет су құю пунктіндегі штуцерлерді және су құю машинасын атқарылған жұмыстар актісін сақтай отырып, профилактикалық жууды және дезинфекциялауды жүргізеді.

225. Әуе кемелерін дезинсекциялау және дератизациялау жәндіктер мен кеміргіштер анықталған кезде, сондай-ақ сәуір айынан бастап қазан айы аралығындағы кезеңде атқарылған жұмыстар актісін сақтай отырып екі айда бір рет жүргізіледі.

226. АХЖ-ді жүргізу мерзімі аяқталған соң әуе кемелерін және аппаратураларды тазарту, жуу және газсыздандыру жүргізіледі. Әуе кемесін тазарту, газсыздандыру сапасын бағалау үшін пайдаланушы зертханалық бақылау жүргізеді.

227. Аппаратурада пестицидтер мен агрохимикаттардың қалдықтары болған жағдайда аппаратураны баптау және жөндеу операцияларын жүргізуге жол берілмейді.

228. Пайдаланушы АХЖ-ны орындайтын экипажды арнайы киімдермен, жеке қорғаныш құралдарымен және медициналық қобдишамен қамтамасыз етеді.

**2-параграф. Әуе көлігі құралдары үй-жайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

229. Әуе кемесінің үй-жайларындағы микроклиматтың оңтайлы және рұқсат етілген параметрлері осы Санитариялық қағидаларға 13-қосымшада көрсетілген параметрлерге сәйкес келеді. Жұмыс аймағының биіктігі бойынша температураның 3 °С-ден аспайтындай, ал көлденеңі бойынша 4 °С-дан аспайтындай ауытқуына жол беріледі.

230. Әуе кемелері кабиналары жұмыс аймағының ауасындағы зиянды заттардың РШШ-сы осы Санитариялық қағидаларға 14-қосымшада көрсетілген мәндерден аспайды. Кабиналардың ауасында бір бағытта әсер ететін бірнеше зиянды заттардың бір мезгілде болуы кезінде олардың әрқайсының ауадағы нақты шоғырлануының, олардың РШШ-сіне қатынасының жиынтығы бір бірліктен аспауы тиіс. Ауаның құрамында әр бағытта әсер ететін зиянды заттардың бір мезгілде болуы кезінде РШШ оқшауланған әсер кезіндегідей болып қалады.

231. Құрамындағы жеңіл теріс және оң аэроиондардың осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген әуе кемелерінің өндірістік және қоғамдық үй-жайлары ауасын иондаудың рұқсат етілген деңгейінен жоғары болуына жол берілмейді.

232. Осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген әуе кемелері ұшу құрамының жұмыс орындарындағы дыбыстық қысым деңгейінің, дыбыстың деңгейінің және дыбыстың балама деңгейінің асып түсуіне жол берілмейді.

233. Осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 3, 4-кестелерінде көрсетілген әуе кемелерінің ұшу құрамының жұмыс орындарындағы ультрадыбыстық және инфрадыбыстық қысымының асып түсуіне жол берілмейді.

234. Осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 5-кестесінде көрсетілген экипаж мүшелерінің жұмыс орындарында жиіліктердің үштен бір октавалық жолақтарындағы жалпы діріл деңгейінен асып түсуіне жол берілмейді.

235. Герметикалық кабинасы бар барлық әуе кемелерінде ұшу биіктігіне қарамастан барометриялық қысым мөлшерінің кемінде сынап бағанасының (2400м) 567 мм болуына жол беріледі.

236. Осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 6-кестесінде көрсетілген радиобайланыс жабдығынан болатын энергетикалық жүктемелер мен электр өрістері кернеуі деңгейлерінің асып түсуіне жол берілмейді.

237. Магниттік өріс кернеулігінің рұқсат етілген шекті деңгейі және магнитті құрайтын энергетикалық жүктеме бір метрге 50 амперге (бұдан әрі – А/м) және сағатқа көбейтілген бір шаршы метрге 200 вольтке (бұдан әрі – В/м<sup>2</sup>·сағ) (бұдан әрі – В/м<sup>2</sup>) тең белгіленеді.

Егер электр және магнит құрауыштар бойынша рұқсат етілген шектіге нақты энергетикалық жүктеменің қатынас жиынтығы бірден аспаса, 3,0 мега Герцке (бұдан әрі – МГц) дейінгі жиілікте электр және магнит өрістерінің бір мезгілде әсер етуіне жол беріледі.

238. 300,0 МГц - 300,0 гига Герц (бұдан әрі – ГГц) өте жоғары жиілік диапазонында (бұдан әрі – ӨЖЖ) электромагниттік энергияның әсері энергия ағынының тығыздық (бұдан әрі – ЭАТ) деңгейі және әсердің белгілі бір уақыты ішінде энергетикалық жүктемесі бойынша бағаланады. Кабинадағы энергияның ӨЖЖ ағынының тығыздық деңгейі бір шаршы сантиметрге 500 микроваттан (бұдан әрі – мкВт/см<sup>2</sup>) аспауы тиіс.

239. Сәулеленудің ӨЖЖ деңгейі сәулеленудің жекелеген кезеңдерінде организмге энергетикалық жүктеме жиынтығымен (бұдан әрі – жиынтықтың ЭЖ) бағаланады және 1000 мк Вт сағ/см<sup>2</sup> аспауы тиіс.

240. 6000 м-ден артық биіктікте ұшуды орындайтын экипаж кабинасында, сондай-ақ кабинада ӨЖЖ ЭАТ рентген сәулесінің көздері болғанда рұқсат етілген шекті жүктеме тармағында көрсетілген жағдайда 1000 мкВт/см<sup>2</sup> аспауы тиіс.

241. Ұшу уақытында кабиналардағы электростатикалық өріс кернеулігі мынадай шамалардан аспауы тиіс: ұшу уақыты 1 сағаттан кем болса – бір метрге 60 киловатт (бұдан әрі – кВ/м); 1,1 сағаттан 12 сағатқа дейін – 60 кВ/м-ді ұшу уақытына бөлу есебінен. 20 кВ/м-ден кем электростатикалық өріс кернеулігі кезінде келу уақыты регламенттелмейді.

242. Экипаж мүшелерінің жұмыс орындарындағы жарықтандыру осы Санитариялық қағидаларға 15-қосымшаның 7-кестесінде көрсетілген параметрлерге сәйкес қамтамасыз етіледі.

**4-тарау. Автомобиль көлігі құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**



243. Автокөлік құралдарының салондарына (кабиналарына) арналған әрлеу материалдары механикалық әсерлерге, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдардан жасалады.

244. Жолаушыларды тасымалдау кезінде күн сайын ауысым аяқталғаннан кейін жуу және дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, шанақтың сыртын жуу және оның салонына ылғалды жинау жүргізіледі.

245. Салқын мезгілде салонның (кабинаның) ішіндегі ауаның температурасы жолаушыларды тасымалдау кезінде салыстырмалы ылғалдылығы 70-75 % болған жағдайда +14 °С-тан төмен емес температураны ұстап тұрады.

246. Сыртқы ауаның ылғалдылығы жоғары аудандар үшін және ауа салқындатқыштарды қолданған кезде салондағы салыстырмалы ылғалдылықты 10 %-ға арттыруға жол беріледі.

247. Салонға (кабинаға) шаңның кіруінің алдын алу үшін ауаны тазалау жүйесінің сүзгілері пайдаланылады.

248. Жалпы жарықтандыру шамынан берілетін кабинаның жарығы аспаптар қалқаны деңгейінде кемінде 10 лк-ті құрайды.

249. Аспаптар шкаласының жарықтандырылуы кемінде 1,2 лк болып көзделеді.

250. Салондағы шуыл деңгейінің 60 дБА-дан жоғары болуына жол берілмейді.

251. Жүк автомобильдері кабинасындағы және жеңіл автомобильдер мен автобустардың жолаушылар салондарындағы (кабинадағы) діріл көрсеткіштері, жергілікті діріл көрсеткіштері осы Санитариялық қағидаларға 16-қосымшасының 1, 2, 3-кестелерінде келтірілген параметрлерге сәйкес қамтамасыз етіледі.

Осы Санитариялық қағидаларға 16-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген корреляцияланған және нормативтік деңгейлердің есепті шамалары арасындағы айырмашылықтар адамға әсер ететін жалпы дірілдің шынайы спектрлері нысаны бойынша нормативтік қисық спектрінен өзгешелігімен түсіндіріледі, өйткені ондағы негізгі энергия біркелкі бөлінбеген және бастысы октава бөлігіне келеді. Сондықтан діріл жылдамдығының (РШШ-тен аспайтын мәндерді жеке талдау нәтижесінде алу жағдайында) өлшенген түзетілген деңгейі 122 дБ-дан едәуір аз болады. Бұл жағдай жалпы дірілдің 116 дБ діріл жылдамдығының нормативтік түзетілген деңгейін негіздеу барысында ескерілген болатын.

Осы Санитариялық қағидаларға 16-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген жергілікті діріл деңгейлері 3-кестедегі көрсетілген мәндерден аспайды.

**5-тарау. Ішкі су көлігі құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

252. Ішкі суларда жүзетін кемелердің (бұдан әрі – кеме) үй-жайлары экипажға және жолаушыларға арналған тұрғын және қоғамдық үй-жайлар, қызметтік (кезекшілік), санитариялық-тұрмыстық, жүк және медициналық үй-жайлар болып бөлінеді.

253. Шаруашылық-ауыз су мұқтажы үшін нормалау құжаттарына сәйкес келетін су беріледі.

**1-параграф. Ішкі су көлігі құралдарының үй-жайларын жобалауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

254. Экипаж үшін жеке жатын орындары бар каюталар, асхана – кают-компания, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар көзделеді. 5 адамнан аспайтын экипажы бар кемелерде экипажды тамақтандыру үшін камбузды пайдалануға жол беріледі.

255. Экипажға арналған тұрғын үй-жайлар жолаушылар үй-жайларынан бөлек орналастырылады. Экипаж мүшелерін, жолаушыларға қызмет көрсететін адамдарды (жолсеріктер, даяшылар) жолаушылар бөліктерінде орналасқан каюталарда орналастыруға жол беріледі.

256. Экипажға арналған бір адамдық каютаның ең кіші ауданы осы Санитариялық қағидаларға 17-қосымшаның 1-кестесінде келтірілген параметрлерге сәйкес келеді.

257. Экипаж мүшелерінің демалуына арналған кезекшілік үй-жайда кіші вахтаның бір адамына кемінде 3 м<sup>2</sup> аудан көзделеді.

258. Жолаушылар каютасының ең кіші ауданы осы Санитариялық қағидаларға 20-қосымшаның 2-кестесінде келтірілген параметрлерге сәйкес көзделеді.

259. Жолаушылар салонының ауданы бір жолаушыға кемінде 0,5 м<sup>2</sup> есебінен қабылданады.

260. Жолаушылар кемелерінде отыратын орындар бар буфетпен, асханамен, мейрамханамен жабдықтауға жол беріледі.

261. Қоғамдық тамақтану үй-жайларына кіретін есікті санитариялық тораптармен және медициналық үй-жайлармен қатар орналастыруға жол берілмейді.

262. Мейрамханалар (асханалар) бір мезгілде жолаушылардың жобаланған санының кемінде 25 %-ын, асхана немесе буфеттер кемінде 10 %-ын тамақтандыруға есептеледі.

263. Мейрамханалардың, асханалар мен буфеттердің ауданы бір отыратын орынға: мейрамханаларда – кемінде 1,2 м<sup>2</sup>, асханаларда – кемінде 1,0 м<sup>2</sup>, буфеттерде – кемінде 0,5 м<sup>2</sup> аудан есебінен айқындалады.

264. Тамақ өнімдері мен азық-түлік шикізаты қоймаларын және камбуздарды санитариялық-тұрмыстық үй-жайлармен және дәретханалармен қатар орналастыруға жол берілмейді.

265. Камбуздағы су қайнатқышқа, жуу орнына және раковинаға су ауыз сумен жабдықтау жүйесінен өткізіледі. Жуу орны мен раковинаға ыстық және суық су өткізіледі.

266. Өндірістік және жуу ванналары кәріз желісіне қосылады, жуу орнынан шығатын сарқынды су құбыры майды ұстап қалатын құрылғымен жабдықталады.

267. Мейрамханасы және (немесе) асханасы бар кемелерде ас блогының құрамына камбуз, дайындау бөлмесі, тарату бөлмесі, ыдыс-аяқ жуу бөлмесі және салқындатылатын және салқындатылмайтын қоймалар кіреді. Кремі бар кондитерлік бұйымдарды және балмұздақты дайындаған жағдайда жеке үй-жайлар көзделеді.

268. Экипаж мүшелерінің және жолаушылардың саны екі жүз адамға дейін болғанда бір дайындау бөлмесі, екі жүзден үш жүз елу адамға дейін - екі дайындау бөлмесі (етке, балыққа және көкөніске арналған), үш жүз елу адамнан астам болса - үш дайындау бөлмесі (салқын тағамдарға, етке, балыққа және көкөністерге арналған) көзделеді.

269. Мейрамханасы немесе асханасы бар жолаушылар кемелерінде және жағалаудағы мейрамханалардан немесе асханалардан жабдықталатын буфеті бар жолаушылар кемелерінде буфет ыстық және суық су өткізілген раковинасы бар сауда үй-жайынан тұрады.

270. Асхана көзделмеген жолаушылар кемелерінде және жолаушылардың сыйымдылығы екі жүз адамнан асатын серуендеу рейстеріне арналған кемелерде буфеттің құрамына сауда үй-жайы, тамақ өнімдерін, сусындар мен ыдыстарды сақтауға арналған қоймалар, тамақты ысытуға және жеңіл тамақтарды дайындауға арналған үй-жай енгізіледі.

271. Тамақ өнімдерін сақтауға арналған қоймаларды жүктеу параметрлері осы Санитариялық қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес айқындалады.

272. Экипажға арналған санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар мыналарды: кір жуатын орынды, кептіру үй-жайларын, таза және лас киім-кешек қоймаларын, үтіктеуге арналған үй-жайды немесе орынды, арнайы киімді сақтауға арналған үй-жайды қамтиды.

273. Экипаждың жеке киім-кешектерін жууға арналған кір жуатын орын кір жуатын машиналармен, ыстық және суық су крандарымен жабдықталады. Еденде су ағатын саңылау көзделеді.

274. Кемелерде санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар (дәретханалар, қолжуғыш және себезгі бөлмесі) жабдықталады.

275. Саны он адамнан аз экипажы бар кемелерде ортақ пайдаланылатын себезгі мен дәретхананың болуына жол беріледі, он және одан астам адамнан тұратын экипажы бар кемелерде каюталарда қолжуғыш орнатылады, ортақ пайдаланылатын дәретханалар мен себезгі бөлмелері болады.

276. Ортақ пайдаланатын үй-жайлардағы санитариялық-техникалық аспаптардың саны кемінде мынадай: алты адамға бір унитаз, алты адамға бір қолжуғыш, он адамға бір себезгі торы есебінен қабылданады.

Экипажға арналған ортақ пайдаланылатын қолжуғыш санының есебіне ас блогының үй-жайларына және басқа да өндірістік және қызметтік үй-жайларға орнатылатын қолжуғыш раковиналар кірмейді.

277. Ортақ пайдаланылатын санитариялық-тұрмыстық үй-жайларға кіретін жер дәлізден көзделеді. Каютаның санитариялық тораптарына және санитариялық блоктарына кіретін жер каютадан тікелей, медициналық үй-жайлардың санитариялық блогына кіретін жер осы үй-жайлардан көзделеді.

278. Санитариялық-тұрмыстық үй-жайларды тұрғын, қоғамдық, медициналық үй-жайлардың үстіне, ортақ пайдаланатын дәретханаларды ас блогымен және медициналық үй-жайлармен қатар орналастыруға жол берілмейді.

279. Ортақ пайдаланылатын дәретханаларда және қол жуатын үй-жайларда үй-жайларды жинауға арналған шлангіні қосу мүмкіндігі көзделеді.

Санитариялық-тұрмыстық үй-жайлардың қабырғалары су өткізбейтін, жуу және дезинфекциялау құралдарының әсеріне төзімді материалдардан жасалады.

280. Кәріз жүйесін тазартуға арналған құрылғылар тұрғын үй-жайлардан, ас блогы және медициналық үй-жайлардан тыс орналастырылады.

281. Ортақ пайдаланылатын қолжуғыштарға, сондай-ақ каюталардағы раковиналарға ауыз су сапасындағы ыстық және суық су өткізіледі.

282. Жолаушылар кемелерінде экипаждың және жолаушылардың қоғамдық тамақтану үй-жайларына кіреберісінде қолжуғыш раковиналар орнатылады.

283. Екі және одан астам себезгі торларымен жабдықталған себезгі бөлмесінде киім ауыстыратын бөлме және себезгі секциялары немесе себезгі кабиналары көзделеді. Киім ауыстыратын бөлменің ауданы бір себезгі торына кемінде 0,8 м<sup>2</sup> есебінен қабылданады.

284. Жолаушылар кемелерінің мейрамханаларында және асханаларында ас блогы жұмыскерлері үшін киім ауыстыруға арналған үй-жайлары бар санитариялық блок, жүк кемелерінде санитариялық торап көзделеді.

285. Транзиттік желілердің жүк кемелерінде және жолаушылардың сыйымдылығы екі жүз елу адамға дейін болатын жолаушылар кемелерінде медициналық каюта; екі жүз елуден астам адам болғанда - амбулатория және изолятор көзделеді. Барлық қалған кемелерде команда құрамы мүшелерінің біреуінің каютасында медициналық қобдиша көзделеді.

286. Медициналық үй-жайлар тұрғын үй-жайлардың және ас блогы үй-жайларының ауданынан тыс, тербелісі аз жерлерде, шу, діріл, жоғары температура және газдану көздерінен барынша алыс орналасады.

287. Медициналық үй-жайларға өту ашық палубаға шықпай, кемеңіз кез-келген жерінен науқастарды (зардап шеккендерді) зембілдермен әкелуге мүмкін болатындай етіп көзделеді. Изолятордан екі шығу жолы: дәлізге және ашық палубаға шығу қамтамасыз етіледі.

288. Медициналық каютада және амбулаторияда араластырғыш арқылы ыстық және суық су өткізілген, шынтак ысырмасы бар қолжуғыш раковиналар, изоляторда – унитазды, қолжуғыш раковинаны және себезгі торын қамтитын жеке санитариялық блок орнатылады. Санитариялық блок дезинфекциялау құралына арналған сыйымдылықпен қамтамасыз етіледі.

**2-параграф. Ішкі су көлігі құралдарын сумен жабдықтауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

289. Кемелерді сумен жабдықтау көздеріне орталықтандырылған шаруашылық-ауыз су құбырлары, су құйғыш кемелер, борттың сыртындағы су (шартты түрде таза қара сулар, теңіз суы) жатады. Кемеге шаруашылық-ауыз су мақсатындағы суды орталықтандырылмаған жағалау көздерінен қабылдауға жол берілмейді.

290. Ауыз су тұрғын үй-жайлардың, ас блогының, медициналық үй-жайлардың барлық су тарату нүктелеріне, сатураторларға және ас блогынан тыс су қайнатқыштарға, тағам қоймасының тамбурларына беріледі.

291. Кемедегі ауыз сумен жабдықтау жүйесі бірыңғай және санитариялық жабдықтың шаю құрылғысына, жүзу бассейндеріне берілетін, палубаның сыртын жууға арналған борттық су жүйесінен бөлек болады.

292. Шлангілер айына бір реттен сиретпей дезинфекцияланады, жеке үй-жайларда немесе арнайы әбдірелерде сақталады, ұштары қапталады және тиісті таңбасы болады. Сақталу кезінде ұшындағы бұрама гайкалары бітеуішпен жабылады. Кемеге су қабылдаған кезде судың қайтадан ластануын болдырмайтын, барлық жалғауыштардың герметикалығы қамтамасыз етіледі. Шлангілерді және су сорғыларды басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

293. Су құйылған кеме цистерналарында "Ауыз су", "Техникалық су" деген таңбалау болады.

294. Борттың сыртынан су дайындауға арналған кеме станцияларының жабдығы мен құбырлары, суды тазартуға және зарарсыздандыру құрылғылары тексеріп-қарау және жөндеу үшін қолжетімді болып көзделеді.

295. Кеменің бес тәуліктен астам су қорын сақтау үшін ауыз су мен техникалық суға арналған резервуарлары зарарсыздандыру құралдарымен жарақтандырылады.

296. Кемелердің шаруашылық-ауыз сумен жабдықтауға арналған суын зарарсыздандыру бортқа суды қабылдау және қорытынды дезинфекциялау кезеңінде жүргізіледі.

297. Суды зарарсыздандыру үшін Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген әдістер мен құралдар пайдаланылады.

298. Кеменің сумен жабдықтау жүйесіне зарарсыздандырылмаған суды беруге, сондай-ақ танкілерде зарарсыздандырылмаған дайындалған суды жағадан қабылданған сумен араластыруға жол берілмейді.

299. Дайындалған суды зарарсыздандыру дайындалғаннан кейін тікелей, сақтау үшін оны цистерналарға беру алдында жүргізіледі.

300. Борттың сыртындағы теңіз суынан ауыз су дайындау станциясында дайын суды тұщыту, минералдау және зарарсыздандыру қондырғыларының болуы көзделеді. Шаруашылық-ауыз су мақсатындағы суды дайындау үшін теңіз суын алу кеме жағадан кемінде 25 миль қашықтықта және кеме түбінен тереңдік кемінде 2,5 м болғанда жүргізіледі.

Кемелер ұзақ (үш күннен артық) тұрақтаған кезде, бес кемеден астам кеме жиналған ауданнан, кемелер аралары 50 м қашықтықта керуенмен жылжығанда теңіз суын қабылдауға жол берілмейді.

301. Кеменің тұщы су минерализаторы орналасқан үй-жайы салқын және ыстық су берілген қолжуғышпен жабдыкталады, жеке гигиена құралдарымен (сүлгі, сабын), тұз жинағы салынған пакеттерді қоюға және ашуға арналған үстелмен, пакеттерді ашуға арналған құралдармен жабдыкталады.

302. Теңіз суын тұщыту кезінде судың тұздылығы және оның минералдануын бақылау көзделеді. Тұздылығы бір литрге 20 миллиграмнан (бұдан әрі – мг/л), минералдануы 250-500 мг/л-ден аспайды, техникалық су үшін 100 мг/л-ге дейін төмендетуге жол беріледі.

303. Кеме станциясында теңіз суынан дайындалған су бес тәуліктен артық сақталмайды. Суды бес тәуліктен артық сақтау кезінде пайдалану алдында су қосымша зарарсыздандырылады.

304. Кемеде минералдауға арналған тұздың қорын сақтайтын стеллаждармен жабдыкталған, ауа температурасы 25 °С-дан жоғары емес үй-жай көзделеді. Тұздың жиынтық қорын жоғарыда көрсетілген талаптар сақталған кезде кеменің тағам сақтайтын қоймаларының бірінде сақтауға жол беріледі.

305. Шаруашылық-ауыз суды сақтауға арналған цистерналарды, гидрофораларды, сүзгіштің ішкі қуыстарын тексеру ластануына қарай, бірақ жылына екі реттен сиретпей (көктемде және күзде) жүргізіледі.

306. Сумен жабдықтау жүйесі:

1) суды сақтауға арналған сыйымдылықтарды тексеру, тазалау, бояу аяқталған кезде;

2) кеме салу немесе сумен жабдықтау жүйесін қайта жабдықтау аяқталған кезде;

3) навигация арасындағы тұрақ аяқталған кезде;

4) екі рет зарарсыздандырғаннан кейін су микробиологиялық қасиеттері бойынша талаптарға сәйкес болмаған кезде;

5) эпидемиологиялық көрсеткімдер бар болған кезде дезинфекциялануға жатады.

307. Сумен жабдықтау жүйесін тексеру, дезинфекциялау, шаю аяқталған соң судың сапасына зертханалық бақылау жүргізіледі.

**3-параграф. Ішкі су көлігі құралдарын жылыту, желдету, ауасын баптау және жарықтандыру жүйелеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

308. Жылыту және ауа баптау жүйелерімен жабдықталған кеме үй-жайларында осы Санитариялық қағидаларға 19-қосымшаның 1-кестесінде көрсетілген микроклимат жағдайлары қамтамасыз етіледі.

309. Жылыту аспаптарының конструкциясы оларды шаңнан ыңғайлы тазартуды қамтамасыз етуді көздейді.

310. Ауамен жылыту жүйесінде ішке кіретін ауа температурасын қолмен реттеу көзделеді. Үй-жайға берілетін ауаның температурасы +40 °С-дан жоғары емес температурада ұсталады.

311. Барлық кеме үй-жайлары табиғи немесе жасанды түрде іске қосылатын алмастыратын ішке сору-сыртқа тарту желдеткішімен жабдықталады.

Жылы кезеңде үй-жайға берілетін (есепті ауа алмасу) ауаның көлемі және кеме үй-жайларына ауаны берудің ең төменгі параметрлері осы Санитариялық қағидаларға 19-қосымшаның 2-кестесіне сәйкес айқындалады.

312. Жылыту, ауа баптау және желдету жүйелерімен жабдықталған кеме үй-жайларындағы микроклиматтық жағдайлар осы Санитариялық қағидаларға 19-қосымшаның 3-кестесіне сәйкес қабылданады.

313. Негізгі қозғалтқыштарының қуаты 1500 киловаттан (бұдан әрі – кВт) астам кемелерде, жыл бойғы навигация кезінде климаттық шектеусіз пайдалануға арналған кемелерде ауа баптау жүйесі көзделеді.

314. Ауа сору құрылғылары оларға ластанған ауаның, газдың және судың түсуін болдырмайтын орындарда орналастырылады.

315. Егер олардың ауа өткізгіштері ауамен жылыту үшін пайдаланылмайтын болса, жасанды желдеткіштің ішке сору жүйелерінің жылдың салқын мезгілінде ауаны жылытқышы және температураны реттеуге арналған құрылғысы болады.

316. Табиғи түрде ішке сору көзделген каюталарда және жолаушылар салонында ауа алмасуды реттеу үстелге қойылатын немесе төбеге ілінетін желдеткіштердің көмегімен жүзеге асырылады. Каюталардан және жолаушылар салонынан ауаны сыртқа тарту есіктің желдеткіш саңылаулары (торлары) арқылы көзделеді.

317. Асханаларда және мейрамханаларда ішке сору-сыртқа тарту саңылауларын орналастыру үй-жайдың барлық көлемін біркелкі желдетуді қамтамасыз етеді.

Камбузда ауаны жасанды түрде ішке сору-сыртқа тарту желдеткіші ауаның сыртқа шығарылуының ішке кіруден басым болуын қамтамасыз етеді.

318. Кемелердің кезекші үй-жайларында тұрмыстық электр плиталары болған кезде тұрмыстық электрлі ауа тазартқыштар орнатылады. Камбуздағы плиталардың үстіне иілген ауаны сыртқа шығаратын шатырларды орнатуға жол берілмейді.

319. Машина үй-жайларында (машина, қазандық, сорғы бөлімшелері, тоңазытқыш машиналарының үй-жайлары) ауа алмасуды ұйымдастыру ластанған сыртқа шығарылған ауаның кемеңің тұрғын, қоғамдық, қызметтік үй-жайларына түсуін болдырмайды.

320. Орталық желілерден медициналық үй-жайларға ауаны беру кезінде ішке сору-сыртқа тарту ауа өткізгіштерінде ауа беру кезінде жүйе жұмыс істемей қалған кезде медициналық үй-жайлардан ауаның шығарылуын болдырмайтын құрылғы көзделеді.

321. Барлық кеме үй-жайларында құрамдастырылған немесе ортақ жасанды жарықтандыру көзделеді. Осы Санитариялық қағидаларға 20-қосымшаға сәйкес кемелердің негізгі үй-жайларындағы және жұмыс орындарындағы жасанды жарықтандыру деңгейлерінің сәйкес келуі қамтамасыз етіледі.

322. Тұрғын, қоғамдық және қызметтік үй-жайларда табиғи жарықтандыру коэффициентінің мынадай мәндері қамтамасыз етіледі: кемеңің корпусында орналастырылатын экипаждың тұрғын үй-жайларында – 0,2, қондырмада – 0,5, экипаждың қоғамдық үй-жайларында – 1,0, штурман және радиорубкада – 1,5.

323. Жасанды жарықтандыру үшін қыздыру шамдары және люминесценттік шамдар пайдаланылады. Жүріс және штурман рубкаларында лоцман карталарының және аспаптарының жергілікті жарығы көзделеді.

**4-параграф. Ішкі су көлігі құралдарында физикалық факторлардың зиянды әсерінен қорғау бойынша санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**



324. Кемелерде осы Санитариялық қағидаларға 21-қосымшада көрсетілген шу деңгейлерінің рұқсат етілген параметрлеріне және осы Санитариялық қағидаларға 22-қосымшада көрсетілген жиіліктердің октавалық жолақтарында діріл үдетудің және/немесе діріл жылдамдығының рұқсат етілген шекті деңгейлеріне сәйкестігі қамтамасыз етіледі.

Машина үй-жайларында дыбыстың балама деңгейлері және дыбыстық қысымның балама деңгейлері нормаланатын параметрлер болып табылады; тұрақты вахта – осы Санитариялық қағидаларға 21-қосымшада көрсетілген арасында 8 сағат демалысы бар тәулігіне 4 сағаттан екі вахта.

Кезеңдік-вахтасыз қызмет көрсететін машина үй-жайларында дірілдің рұқсат етілген шекті балама деңгейлері сақталады. Бұл ретте экипаж мүшелері болуы мүмкін жерлерде діріл үдетудің деңгейлері осы Санитариялық қағидаларға 22-қосымшаның 2-кестесінде көрсетілген мәндерден 10 дБ-дан аспайды.

325. Қозғалту және радиорубкалардың, радиобайланыс, радионавигация және радиолокация құралдарының радиожілілік диапазонының электромагниттік сәулеленуден (бұдан әрі – РЖ ЭМС) қорғайтын құралдары болады.

326. 30 кГц-300 МГц диапазонындағы электр және магнит құрамдауыштарының кернеулік деңгейі әсер ету ұзақтығына байланысты және 300 МГц-300 ГГц жиілігі диапазонындағы ЭАТ деңгейі әсер ету ұзақтығына байланысты осы Санитариялық қағидаларға 23-қосымшада көрсетілгеннен асып түспейді.

327. Қозғалту рубкасында орнатылатын радио таратқыш құрылғылар мен радиостанциялардың, оның ішінде жылжымалы аппаратураның тиімді экраны болады, рұқсат етілген қарқындылықтан асып түсетін электромагниттік сәулеленуді болдырмайды.

328. Үй-жайдың ішіндегі орта жиілік тасымалдаушы антенна фидерлері металл қаптамамен экрандалады; жоғары жиілік тасымалдағыштарына экрандалған кабель қолданылады. Антеннаның ауыстырып-қосқышы экрандалған үлгіде көзделеді.

329. Радиореле станцияларының қабылдауыш-таратқыштары арнайы үй-жайларда орналастырылады.

330. Ашық палубада РЖ ЭМС рұқсат етілген деңгейлерден асып түскен кезде ескерту таблосы және қорғаныш экраны орнатылады.

331. Радиобайланыс, радионавигация және радиолокация құралдарында жұмыс істеу орнатылған және бекітілген штаттық экрандарда және қаптамаларда жүргізіледі және персоналдың жұмыс уақытына шектеу қойылады.

332. Машина бөліктерін және камбуз үй-жайларын жобалау кезінде негізгі көзі үстіңгі бетінің қызуы болып табылатын ұзын толқынды инфрақызыл сәулеленудің әсерінен қорғау құралы көзделеді.

333. Жұмыс орындарында инфрақызыл сәулеленудің қарқындылығы дененің үстіңгі бетінің 25%-дан аспай сәулеленуді есепке ала отырып, бір шаршы метрге 100 ваттан (бұдан әрі – Вт/м<sup>2</sup>) аспайды және оқшаулау бетіндегі температура 45 °С-дан аспайды.

334. Адаммен жанасатын синтетикалық полимерлі материалдардың беткі қабатында өндірілетін статикалық электр өрісінің кернеулігі минус бірінші дәрежедегі бір метрге 20 киловаттан аспауы тиіс.

**5-параграф. Ішкі су көлігі құралдарының үй-жайларын пайдалануға және күтіп-ұстауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

335. Экипаждың барлық мүшелері мынадай жеке жататын орындармен және төсек-орын жабдықтарымен: тысы бар матраспен, жастықпен, көрпемен, кемінде үш рет ауыстырылатын төсек жаймаларымен және сүлгілермен қамтамасыз етіледі.

336. Кемедегі жолаушылардың саны кемеңіз жобалау қуатынан аспайды.

337. Жататын орындары бар жолаушылар төсек-орын жабдықтарымен қамтамасыз етіледі. Таза жаймалар жиыны пломбаланған немесе тігілген конвертте (пакетте) қаптамаланады. Жүрдек кемелерде жолаушылардың креслосы бастіректерге арналған сулықтармен (кемінде екі жиын) қамтамасыз етіледі.

338. Барлық кемелерде төсек-орын жабдықтарын ауыстыру жеті күнде бір реттен сиретпей жүргізіледі, жастықтар, көрпелер, матрастар үш айда бір реттен сиретпей желдетіліп, кептіріледі және тазартылады, мата көрпелер айына бір реттен сиретпей жуылады. Төсек-орын жабдықтарын дезинфекциялау эпидемиологиялық көрсетімдер бойынша жүргізіледі.

339. Тұрғын және қоғамдық, ас блогы, санитариялық-тұрмыстық үй-жайлар күн сайын ылғалды жинауға жатады. Күрделі жинау әр рейстің соңында, бірақ жеті күнде бір реттен сиретпей жүргізіледі.

340. Санитариялық тораптарда және санитариялық блоктарда айна, сабынға арналған сөре, теңіз дауылы тұтқасы, сүлгі ілгіштер, тұтқышы бар бар унитазды тазартуға арналған ысқыш, пайдаланылған қағаздарға арналған сыйымдылықтар, дәретхана қағазы, сабын, бір рет қолданылатын сүлгі, сулық немесе электр сүлгі көзделеді.

341. Ортақ пайдаланылатын қолжуғыштарға, сондай-ақ каютадағы қолжуғыш раковиналарға ауыз су сапасындағы ыстық және суық су өткізіледі. Әр раковинаның алдында айна, сүлгіге арналған ілгіш, сабынға арналған сөре

орнатылады. Себезгі секциялары немесе себезгі кабиналары жеке бас гигиенасы заттарына арналған сөрмен жабдықталады.

342. Киім ауыстыратын үй-жай: орындықтармен, киімге және сүлгіге арналған ілгіштермен, киім-кешекке, жеке бас гигиенасы заттарына арналған сөрелермен жабдықталады.

343. Экипаждың жеке киім-кешектерін жууға арналған кір жуу орындары ыстық және суық су өткізіле отырып кір жуатын машиналармен, кептіру бөлмесімен – үй-жайда кемінде 45 °С ауа температурасын қамтамасыз ететін жылыту аспаптарымен және киім-кешектерді жаюға арналған құралдармен жабдықталады.

344. Таза және лас киім-кешектер бөлек қоймаларда (шкафтарда) сақталады.

345. Экипаждың арнайы киімдерін сақтауға арналған үй-жайлар киімге арналған ілгіштері бар шкафтармен және аяқ киімге арналған сөрелермен жабдықталады.

346. Медициналық үй-жайларда ылғал өткізбейтін материалмен қапталған кушетка, жазу үстелі, емшара үстелі, тоңазытқыш, хирургиялық құралдарға және науқастарды күту заттарына арналған шкаф, дәріханалық шкаф, қатты эсер ететін дәрі-дәрмекке арналған жеке шкаф (сейф), зембілдер, табуреткалар, орындықтар қойылады.

347. Изоляторда медициналық кереует, кереуеттің жанына қойылатын үстел, шкаф, табуреткалар, медициналық каютада – медициналық кереует, дәрі-дәрмекке және тану материалдарына арналған емшара шкафы, тоңазытқыш, табуреткалар қойылады.

348. Кемелерде жәндіктер мен кеміргіштердің пайда болуының алдын алу үшін нормалау құжаттарының талаптарына сәйкес атқарылған жұмыстар актісі сақтала отырып дезинсекциялау және дератизациялау іс-шаралары жүргізіледі.

349. Дезинсекциялау және дератизациялау іс-шараларын жүргізу жиілігін кеме иесі айқындайды, бірақ жылына 1 реттен кем емес.

350. Кеменің үй-жайлары кеміргіштердің кіруіне жол берілмейтіндей етіп көзделеді. Үй-жайлардың қалқасы, палубалары, төсеніштері өтпелі тесіктер мен саңылаулар болмайтындай етіп жасалады, құбырларды оқшаулау, олардың палубадан өтетін жерлері қамтамасыз етіледі және қалқасы металл тормен қорғалады, үй-жайлардың есіктері тығыз қиюластырылады. Ас блогы үй-жайларындағы есіктердің төменгі жағы және провизиялық ағаш жәшіктердің беті металдан жасалады.

**6-параграф. Ішкі су көлігі құралдары экипажын және жолаушыларын тамақтандыруды ұйымдастыру жағдайларына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

351. Тамақ өнімдерін тиеу жолаушыларды отырғызғанға дейін жүзеге асырылады. Тиеу орны ықтимал ластану көздерінен (сарқынды және құрамында мұнай бар суды ағызатын жерлерден) барынша алшақ болады.

352. Азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдері олардың сапасы мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттармен бірге жүреді.

353. Барлық кемелерде келіп түсетін шикізаттың және дайын тамақ өнімдерінің сапасын өндірістік бақылау жүзеге асырылады. Зертханалық зерттеулер портта жүргізіледі.

354. Экипажға арналған камбуз тұрмыстық тоңазытқыштармен, құрғақ тамақ өнімдеріне арналған шкафтармен, электр плитамен (газ немесе басқа отынмен), электр су қайнатқышпен, тот баспайтын болаттан жасалған бөлшектеу және үлестіру үстелдерімен, ыдысқа арналған шкафпен немесе сөремен, камбуз және асхана ыдысына арналған үш секциялы ваннамен, қол жууға арналған раковинамен жабдықталады. Ванналар мен раковиналарға араластырғыш арқылы суық және ыстық су өткізіледі, сабынмен, жуу және дезинфекциялау құралдарымен жабдықталады.

355. Шикі және дайын тамақ өнімдерінің, таза және лас ыдыстардың қарсы ағынына жол берілмейді.

356. Өндірістік және жуу ванналары кәріз желісіне қосылады. Жуғыштан кететін сарқынды су май сүзгіш қондырғысымен жабдықталады.

357. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін сақтауға арналған тоңазытқыш және мұздатқыш камералары термометрлермен жарактандырылады. Қоймалардағы стеллаждардың төменгі сөресі кемінде 35 см биіктікте орналастырылады.

358. Асханалар мен мейрамханалардың дайындау бөлмелері тот баспайтын болаттан жасалған тегіс қаптамасы бар үстелдермен жабдықталады. Ет пен және балық үшін ерітуге арналған ванналар көзделеді.

359. Мармиттер бірінші ыстық тағамдардың және ыстық сусындардың температурасын  $+75\text{ }^{\circ}\text{C}$ -дан төмен емес, екінші тағамдардың температурасын  $+65\text{ }^{\circ}\text{C}$ -дан төмен емес деңгейде қамтамасыз етеді. Тоңазытқыштар салқын тағамдардың және сусындардың температурасын  $+7\text{ }^{\circ}\text{C}$ -дан  $-14\text{ }^{\circ}\text{C}$ -ға дейінгі шекте қамтамасыз етеді.

360. Ыдыс жуатын үй-жайларда: лас ыдыстарды қабылдауға және таза ыдыстарды беруге арналған екі терезе, таза және лас ыдыстарға арналған үстелдер, кептіру шкафтары, жуу құралдарын сақтауға арналған шкаф болады. Ыдысты жуу үшін ауыз су сапасындағы ыстық су пайдаланылады. Жуу ваннасының үшінші секциясы ыдысты шаюға арналған себезгі саптамасы бар иілгіш шлангімен жабдықталады.

361. Буфеттің сауда үй-жайы жайма витринамен (шкафпен), тұрмыстық тоңазытқышпен және ыстық, суық су өткізілген раковинамен жабдықталады. Тамақты ысытуға және жеңіл тағамдарды дайындауға арналған үй-жайда электр плита, үздіксіз әрекет ететін су қайнатқыш, суық және ыстық су өткізілген үш секциялы ванна, тамақ қалдықтарын жинауға арналған қақпағы және педаль бар сыйымдылық қойылады.

362. Ас блогы, асхана, мейрамхана үй-жайларында персоналдың арнайы киіміне арналған шкафтар және жинау мүкәммалына, жуу және дезинфекциялау құралдарына арналған шкафтар қойылады.

363. Тамақ қалдықтарын жинау үшін қақпағы және педаль құрылғысы бар сыйымдылықтар көзделеді.

**7-параграф. Ішкі су көлігі құралдарында өндірістік және тұтыну қалдықтарын жинауға, сақтауға және зарарсыздандыруға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

364. Кемелерде су ортасының тазартылмаған және зарарсыздандырылмаған сарқынды, құрамында мұнай бар сулармен, тұрмыстық және өндірістік қалдықтармен ластануын болдырмауды қамтамасыз ететін жүйелер және қондырғылар көзделеді.

365. Дәретханалардан, себезгілерден, камбуздан, кір жуатын орындардан, медициналық үй-жайлардан шыққан сарқынды су ортақ цистернаға, құрамында мұнай бар сарқынды су бөлек жинақтау цистернасына құйылады.

366. Жинақтау цистерналарына жиналатын сарқынды және құрамында мұнай бар су кемеңіз тазарту станциясына, жағадағы немесе қалқымалы су сақтайтын қабылдау пункттеріне өңдеуге жіберіледі.

367. Сарқынды суды тазарту процесінде пайда болған қойыртпақ және құрамында мұнай бар суды тазарту кезінде бөлінген мұнай өнімдері бөлек цистерналарға жиналады және инсинератор-пештерде жағылады немесе кемеден тыс су сақтайтын қабылдау пункттеріне жіберіледі.

368. Сарқынды суды жинауға арналған цистерналарды тексеру, бояу, жөндеу бойынша жұмыстардың барлық түрлері алдын ала дезинфекция жасалғаннан кейін жүргізіледі.

369. Сарқынды су жүйесінің санитариялық-техникалық жабдықтарында және құбырларында гидравликалық бекітпелер болады. Сарқынды және құрамында мұнай бар суды су сақтайтын қабылдау пункттеріне жіберу үшін жеке құбыр жолы көзделеді.

370. Кемелерде тасымалдауға, түсіруге және дезинфекциялауға ыңғайлы тиісті таңбалануы бар құрғақ тұрмыстық қалдықтар мен қатты тамақ қалдықтарын бөлек жинайтын және сақтайтын қақпағы бар ыдыстар көзделеді.

371. Құрғақ қоқыс және қатты тамақ қалдықтары тікелей кемелердің өзінде инсинератор-пештерде (инсинератор қазандықтарда) өртеу жолымен жойылады немесе жою үшін мамандандырылған тазарту кемелеріне немесе жағалаудағы қондырғыларға жіберіледі.

372. Кемеде су сақтайтын құралдар болмаған кезде сарқынды және құрамында мұнай бар су жинақтау цистерналарында, құрғақ қоқыс және қатты қалдықтар арнайы сыйымдылықтарда (бактарда) жиналады. Жиналған лас заттар жағалаудағы немесе қалқымалы су сақтайтын қабылдау пункттеріне тапсырылады.

373. Тамақ қалдықтары жиналатын сыйымдылықтар (бактар) ыстық сумен жуылады, айына екі реттен сиретпей дезинфекцияланады.

**6-тарау. Көлік құралдарында балаларды ұйымдастырылған тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

374. Сапарды ұйымдастырушылар балалардың өлшеп-құйылған ауыз сумен қамтамасыз етілуін көздейді.

375. Медицина қызметкері ұйымдастырылған ұжыммен бірге жүреді. Медициналық қызметкерде медициналық қобдиша болады.

376. Вагонға ұйымдастырылған балалар ұжымдары мен басқа да жолаушыларды бірге орналастырған кезде балаларға жеке дәретхана бөлінеді.

377. Жол жиынтығына (құрғақ азық-түлік) өнеркәсіпте өндірілген мынадай тамақ өнімдерін:

1) бұқтырылған ет (жарма, макарон бұйымдары мен еті бар көкөніс) консервілерін, еті бар консервіленген түскі тағамды;

2) көкөніс консервілерін, өз сөлінде дайындалған балық консервілерін;

3) тез дайындалатын тамақ өнімдерін (лапша, картоп езбесі);

4) печеньені, галеттерді, крекерлерді, тоқаштарды, жұмсақ кәмпіттерді, нанды және нан-тоқаш өнімдерін;

5) жеке қаптамадағы өлшеп-құйылған жеміс және жидек шырындарын, өлшеп-құйылған ауыз суды енгізуге рұқсат етіледі.

378. Инфекциялық аурулардың белгілері бар балаларды (қызуы көтерілген, іш өту, құсу, іштің түйнеп ауыру) жолаушылар вагонына отырғызуға жол берілмейді. Жол жүру бойында инфекциялық аурудың жіті түрінің белгілері бар бала анықталған кезде бала жеке купеге оқшауланады.

379. Медицина қызметкері ауырған бала туралы поездың бастығына хабарлайды және одан әрі жол жүру мүмкіндігін немесе науқасты жол жүру бойындағы жақын теміржол станциясындағы ауруханаға жатқызу қажеттігін айқындайды.

380. Ұйымдастырылған балалар ұжымдарын жөнелту, олардың келу және жол бойындағы теміржол станцияларында анықталған науқастар туралы ақпаратты поездың бастығы жол жүру маршруты бойынша жақын вокзалдың медициналық пунктіне және халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесіне береді.

**7-тарау. Жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**  
**1-параграф. Тамақ өнімдерін, азық-түлік шикізатын және шаруашылық-ауыз суды тасымалдауға арналған көлік құралдарына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

381. Көлік құралдарының ішкі беті Қазақстан Республикасында қолдануға рұқсат етілген материалдардан жасалған, жуу және дезинфекциялау құралдарына төзімді, жеңіл жуылатын және дезинфекцияланатын гигиеналық жабыннан көзделеді.

382. Тасымалдауға арналған көлік құралдары техникалық жарамды, таза, бөтен иісі жоқ күйде ұсынылады.

383. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдау тасымалдау жағдайларына қойылатын талаптарға сәйкес температуралық режимді қамтамасыз ететін мамандандырылған көлікпен жүзеге асырылады.

384. Егер жүк жөнелтушінің көлік құралдарына қоятын температуралық режимі немесе басқа да жағдайлары қамтамасыз етілмесе, тасымалдаушы мұндай жүкті тасымалдауға қабылдамайды.

385. Егер жүкқұжатында көрсетілген тасымалдау мерзімі жүкті жеткізу мерзімін есептеу қағидаларына сәйкес белгіленген жеткізу мерзімінен аз болса, тасымалдаушы тез бұзылатын өнімдерді тасымалдауға қабылдамайды.

386. Тамақ өнімдерін тасымалдау кезінде тауар көршілестігі сақталады. Тамақ өнімдерін азық-түлікке жатпайтын жүктермен бірге тасымалдауға жол берілмейді.

387. Шаруашылық-ауыз суды тасымалдау осы мақсатқа арналған арнайы жабдықталған изотермиялық цистерналарда жүзеге асырылады.

388. Су тасымалдауға арналған цистерналардың, сыйымдылықтардың конструкциясында мыналар: жылу оқшаулағыш қабат, люк арқылы су алуды болдырмауға арналған ілмек құрылғыларымен жарақтандырылған құймамалы люктің тығыз жабылатын қақпақтары және су ағызуға арналған құрылғысы (шүмектер) көзделеді. Су ағызуға арналған құрылғы сыйымдылықтың судан толық босатылуын қамтамасыз етеді.

389. Сыйымдылықтардың ішкі бетінде тоттануға қарсы қабатының бұзылғаны байқалса, сыйымдылықтар қосымша тоттануға қарсы жабынмен қапталуға жатады.

390. Цистерналар мен бактардың бүйір жақтарында "Ауыз су" деген жазуы болады. Ауыз суды жеткізуге арналған цистерналар мен бактарды басқа мақсаттарда пайдалануға жол берілмейді.

391. Суды тасымалдауға арналған цистерналар мен бактарды дезинфекциялау тоқсан сайын және эпидемиологиялық көрсеткімдері бойынша жүргізіледі. Дезинфекциялау іс-шаралары өзіне механикалық тазартуды, жууды, дезинфекциялауды, түпкілікті шаюды қамтиды, дезинфекциялау аяқталғаннан кейін суды зертханалық зерттеу жүргізіледі.

392. Тасымалдау және сақтау кезінде нормалау құжаттарына сәйкес келетін судың сапасы қамтамасыз етіледі.

**2-параграф. Автомобиль көлігі құралымен тез бұзылатын тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

393. Тез бұзылатын тамақ өнімдерін тасымалдау кезінде температуралық режимді сақтау мақсатында изотермиялық автокөліктер, рефрижераторлар, автотермостар, термос цистерналар пайдаланылады.

394. Тамақ өнімдерін түсіргеннен кейін көлік құралдары тазартылады, жуылады, қажет болған жағдайда дезинфекцияланады.

395. Изотермиялық автокөліктердің сыртын жуу температурасы +35 °С-дан төмен емес, сілті қосылған сумен жүргізіледі, кейіннен шлангідегі сумен шайылады. Шанақтың ішін жуу арнайы щеткамен жүргізіледі, жуу ерітіндісінің температурасы +55 °С-тан төмен болмауы тиіс.

Жуу аяқталғаннан кейін 2-3 минут бойына атмосфералық қысымы 1,5 болатын шлангтегі таза сумен шайылады, қолданылған препараттардың иісі толық кеткенше кептіріледі және желдетіледі.

**3-параграф. Ішкі су көлігі құралымен тамақ өнімдерін және азық-түлік шикізатын тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

396. Тамақ өнімдерін тасымалдауға арналған үй-жайлар мынадай талаптарға сәйкес келеді:

1) жүктерге арналған үй-жайлар жабынының материалдары дезинфекциялық, дезинсекциялық және термиялық өңдеуге төзімді болып көзделеді;

2) тұтынуға дайын тамақ өнімдерін (сүт, өсімдік майы, ауыз су) тасымалдауға арналған танкілер, цистерналар және басқа да сыйымдылықтар тасымалданатын тамақ өніміне палубадан, түбінене және борттан судың өтуін болдырмайтын су өткізбейтін материалдан дайындалады;

3) үй-жайда сұйық тамақ өнімдерін тиеуде, түсіруде пайдаланылатын шлангілерді, сондай-ақ танктер мен цистерналарды жууға және дезинфекциялауға арналған шлангілерді сақтайтын бөлімшелер (шкафтар, жабылатын жәшіктер) көзделеді;



4) тамақ өнімдеріне арналған үй-жайларға, өсімдік майын, шарапты, тағамдық спиртті тасымалдауға арналған танкілерге ауыз су сапасындағы суық және ыстық (+80 °C-ға дейін) су өткізіледі.

397. Қалқымалы дүкендердің функционалдық үй-жайлары тамақ өнімдерін, ыдыстарды сақтайтын үй-жайларды (қоймаларды), тағамдық тауарларды қабылдауға, дайындауға, өлшеп-орауға, жабдықтар мен ыдыстарды жууға арналған үй-жайларды, сауда залын қамтиды.

Функционалдық үй-жайлар мен жабдықтардың орналасуы тамақ өнімдерін өткізуде технологиялық процестің ағынын қамтамасыз етеді. Сауда залында бір сатушыға арналған жұмыс орнының ауданы кемінде 2 м<sup>2</sup> құрайды. Сөре тоңазытқыш витринамен жабдықталады.

**4-параграф. Қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

398. Қауіпті жүктерді тиеу және түсіру алдында ыдыстарының жарамдылығы тексеріледі.

399. Қауіпті жүктермен жұмыстарды орындау объектілерінде операциялардың орындалу тәртібін, қауіпсіздік шараларын және жұмысты ұйымдастырумен байланысты адамдардың жауаптылығын айқындайтын нұсқаулық әзірленеді.

400. Қауіпті жүктерді қайта тиеу қашықтан басқару қағидаты бар тиеу-түсіру тетіктерін қолдана отырып жүргізіледі. Қауіпті жүктермен жұмыс істеуге арналған жүк тетіктері кабиналары герметикалық болып көзделеді және кабинаға берілетін ауаны тазартатын желдеткішпен жабдықталады.

401. Қауіпті жүктерді (жарылғыш материалдарды, сығымдалған, сұйытылған және қысыммен ерітілген газдарды, өздігінен жанатын заттарды, оңай тұтанатын сұйықтықтарды және қатты заттарды, тотығатын заттарды, күйдіретін және тоттандыратын заттарды, улы заттарды, радиоактивті материалдарды) тиеу және түсіру осы мақсаттар үшін арнайы бөлінген және жабдықталған орындарда жүргізіледі.

402. Желдің жылдамдығы 3 м/сек-тен астам болған кезде үйілген химиялық заттарды ашық ауада тиеу-түсіру жұмыстарын жүргізуге жол берілмейді.

403. Әртүрлі санаттағы қауіпті жүктерді, қауіпсіз жүктермен бірге қауіпті жүктерді тиеуге, таңбасы жоқ қауіпті жүктерді тиеуге және түсіруге жол берілмейді.

404. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде тасымалдайтын ыдыстарға мынадай талаптар қойылады:

1) ыдыстың конструкциясы тасымалдау кезінде пайда болатын барлық жүктемелерді ескере отырып, барлық климаттық аймақтарда тасымалдаған кезде

жүктің кез келген жоғалуын (ағуын) болдырмауды қамтамасыз ететіндей болып дайындалады;

2) ыдысқа қауіптілік белгілері қойылады;

3) ыдысқа арналған материалдың аз сіңіретін қасиеті болады;

4) оңай тазаланады, қажетті жағдайларда оңай залалсыздандырылады.

405. Улы және күйдіргіш заттарды түсіргеннен кейін көлік құралы тасымалданатын жүктердің қалдықтарынан тазартылады, қажет болған кезде жуылады және залалсыздандырылады.

Түсіру кезінде ыдыстың зақымданғаны, шашылған немесе төгілген жүк, қауіпті зат иісінің бар екендігі анықталса жүк алушының өкілі шақырылады және көлік құралын зарарсыздандыру мәселесі шешіледі, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары хабардар етіледі.

406. Радиоактивті жүктерді тасымалдаудан кейін көлік құралдары олардың одан әрі пайдаланылуына қарамастан радиациялық бақылауға жатады.

407. Жергілікті көздер немесе беті радиоактивті ластанған көлік құралдары анықталған кезде қатерсіздендіру бойынша жұмыстарды мамандандырылған ұйым жүргізеді.

408. Өсімдіктердің (пестицидтердің) химиялық қорғаныш заттарын тасымалдау кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) өсімдіктердің химиялық қорғаныш заттарын тасымалдауға ғана арналған көлік құралының шанағы сигналды бояумен боялады және бортында "Абайлаңыз – улы химикаттар" деген жазуы болады. Қысқа мерзімдік тасымалдауға арналған көлік сигналды жалаушалармен жаракталады. Шанақтың ішкі беті жеңіл тазартылатын және залалсыздандыратын, саңылауы және қуыстары жоқ болып көзделеді;

2) пестицидтермен бірге тамақ өнімдерін, азықты және басқа да заттарды тасымалдауға жол берілмейді. Пестицидтерді тасымалдауға арналған көлік құралымен тамақ өнімдерін, жемшөпті, адамдарды тасымалдау үшін пайдалануға жол берілмейді;

3) заттаңбасы бар тұтас зауыт қаптамасында немесе оны қоймадан жіберген кезде пестицид салынған арнайы ыдыста қаптамаланған пестицидтерді тасымалдауға жол беріледі. Пестицидтерді үйіп немесе зақымданған ыдыста тасымалдауға жол берілмейді;

4) пестицидтерді тасымалдау аяқталғаннан кейін көлік құралдары мұқият жуылады, тазартылады, арнайы жабдықталған орындарда залалсыздандырылады.

409. Құрамында тірі микроорганизмдердің штамдары бар жүктерді (бактериялар, вирустар, рикетсиялар, паразиттер, саңырауқұлақтар, олардың рекомбинациялары, генетикалық өзгерген микроорганизмдер), құрамында ауру тудыратын агенттері бар немесе бар болуы мүмкін, биологиялық түрде пайда болған материалдарды (бұдан әрі – инфекциялық заттар), құрамында тірі микроорганизмдердің штамдары бар адамдардың және жануарлардың инфекциялық ауруларын иммундық профилактикасына және диагностикалауға арналған биологиялық препараттарды тасымалдау пломбаланған металл ыдыстарда (бактарда, бикстерде) жүзеге асырылады.

410. Инфекциялық заттарды тасымалдау кезінде жүк орнының ішінде, ішкі сыйымдылық пен сыртқы ыдыстың арасында ішіндегілердің тізімі салынады. Сұйық инфекциялық заттары бар тиеу орындарында қарама-қарсы екі жақ бетінде жүк тиеу орындарының жоғары жағын белгілейтін манипуляциялық белгілер жазылады.

411. Қауіпті жүктерді сақтау, тиеу-түсіру, тасымалдау жұмыстарымен айналысатын адамдар жұмыс берушінің қаражаты есебінен арнайы киімдермен, жеке қорғаныш құралдарымен, арнайы тағамдармен қамтамасыз етіледі.

412. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде авариялық жағдай туындаған жағдайда халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшесі хабардар етіледі.

413. Қауіпті жүктермен жұмыс істеу уақытында тамақ ішуге, су ішуге, темекі шегуге, жұмыс жүргізілетін аймақта арнайы киімсіз жүруге жол берілмейді.

**5-параграф. Теміржол көлігі құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

414. Қауіпті жүкті вагонға тиеу аяқталған соң жүктің дұрыс тиелгені, сенімді бекітілгені тексеріледі, одан кейін ған жүк вагоны пломбланады.

415. Қауіпті жүктерді арнайы контейнерлерде тасымалдау кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) оның ішіндегісінің төгілуін болдырмау үшін тасымалдау кезінде пайда болатын әртүрлі салмақтарды көтеретін контейнерлер пайдаланылады;

2) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған контейнерлердің деңгейі аталған заттың қауіптілік дәрежесін айқындайтын қосымша қорғанышы болады.

416. Қауіпті жүктерді цистерналарда тасымалдау кезінде мынадай талаптар қойылады:

1) цистерналар тасымалданатын қауіпті жүктің типіне сәйкес келеді;

2) құю алдында цистерна қаралады, құю арнайы бөлінген жерде жүргізіледі, жүкті құюға дайындау (сұйылту, араластыру, ылғалдау) арнайы бейімделген сыйымдылықтарда жүргізіледі;

3) ағып жатқаны анықталған жағдайда құю тоқтатылады, ақаулы цистернаның ішіндегісі басқа сыйымдылыққа құйылады;

4) құю орны мәжбүрлі түрде сору желдеткішімен жабдықталады;

5) құю аяқталған соң цистернаның сыртқы беті сүртіледі немесе құйылған жүктің іздері жойылғанға дейін жуылады, жүк құйылып алынған соң цистерналар жуу-булау объектісінде өңделеді;

6) қауіпті жүктерді тасымалдауға арналған цистерналарға қауіпті деген белгі қойылады.

417. Қауіпті жүктер түсірілгеннен кейін вагондардың шанақтары, контейнерлер қарап-тексеріледі, тасымалданған жүк қалдықтары жиналады, қажет болған жағдайда сақтық және қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, зарарсыздандырылады.

418. Түсіру кезінде ыдыстың зақымданғаны, жүктің шашылғаны немесе төгілгені, вагонда қауіпті зат иісінің болуы анықталған кезде вагонды зарарсыздандыру мәселесін шешу үшін жүкті алушының өкілі, сондай-ақ қажетті профилактикалық іс-шараларды орындау үшін халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті орган ведомствосы аумақтық бөлімшесінің лауазымды адамдары шақырылады.

419. Қауіпті жүктермен бірге авариялық карточка, тасымалдау қауіпсіздігін куәландыратын қауіпті жүктерді тасымалдау бойынша халықаралық және ұлттық регламенттердің талаптарына сәйкестік сертификаты қоса жүреді.

420. Жүк жөнелтушіге өңдеу үшін жіберілетін кері қайтарылатын қауіпті жүктен босатылған ыдыстар мен вагондар авариялық карточкалармен қамтамасыз етіледі.

421. Авариялық жағдай туындаған кезде теміржол көлігі жұмыскерлерінің және қалыптастыруға тартылғандардың әрекет етуі қауіпті жүктердің қасиеттері ескеріле отырып және авариялық карточкада көзделген шараларды сақтай отырып жүргізіледі.

**6-параграф. Әуе көлігі құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

422. Мынадай жағдайлар сақталған кезде:

1) жүк қолданыстағы техникалық регламенттерге сәйкес келетін ақаусыз ыдыста немесе қаптамада болғанда;

2) техникалық регламентте белгіленбеген ыдыстардың және қаптамалардың авиациялық тасымалдау кезінде оларды сенімді бекіту және сақтау мүмкіндігінің болуы;

3) қаптаманың жүктің құрамына сәйкес болуы және оны сыртқы факторлардың әсерінен сенімді қорғайтын болса;

4) әуе көлігімен тасымалдауға жататын сұйық және өзге де жүктер қапталатын (толтырылатын) металл, шыны, керамикалық, ағаш, пластмасса ыдыстар ұшу биіктігіне және температураға байланысты ішкі артық қысымға шыдамды болуы, ағып кетуден, төгілуден және шашылудан сақталған болса;

5) қаптама жиынтығына қажетті мәліметтері бар таңбалау қойылса, сондай-ақ ықтимал қауіп түрлері бейнеленген қауіптілік белгілері қойылса, жүк әуе көлігі құралымен тасымалдауға қабылданады.

423. Шикі жүк су өткізбейтін контейнерде тасымалданады.

424. Шикі жүкті тасымалдау кезінде әуе кемесінің едені мен қабырғасында су жинағыштар жабдықталады.

425. Қауіпті жүктерді тасымалдау ыдыста, сыйымдылықтарда, әмбебап немесе арнайы контейнерлерде жүзеге асырылады.

426. Ыдыстардың, сыйымдылықтардың және контейнерлердің конструкциясы герметикалық, жүктің жоғалуын, азаюын болдырмауды қамтамасыз ететіндей болып жасалады, қауіптілік белгілері болады. Ыдыстар, сыйымдылық мен контейнерлер тазартуға және дезинфекциялауға жататын материалдардан дайындалады.

427. Контейнерлер тасымалдау кезінде туындайтын түрлі жүктемелерге төзімді болады.

428. Жүкті тиеу, түсіру кезінде ыдыстың (сыйымдылықтың, контейнерлердің) бүтіндігінің бұзылуына жол берілмейді.

429. Қауіпсіздік мақсатында тасымалданатын қауіпті жүктер туралы, жүк жөнелтушіге немесе өңдеуге жіберілетін қауіпті жүктерден босатылып кері қайтарылатын ыдыстардың жағдайы туралы ақпарат жүк көлігінің жүкқұжатына жазылады.

430. Әуе кемесінің экипажы және қауіпті жүктермен жұмыс істейтін адамдар қорғаныш, индикация, зарарсыздандыру құралдарымен (тасымалданатын жүктің түріне байланысты) қамтамасыз етіледі. Қорғаныш құралдарынсыз жұмыс істеуге жол берілмейді.

431. Барлық жүк тасушы әуе кемелерінде желдету және ауа алмасу көзделеді.

432. Жүк бөлігіндегі үй-жайлардың ішінде кемінде 30 Паскаль тұрақты артық қысымды қамтамасыз ететін мәжбүрлі желдету жүйесі көзделеді, жүк бөлігінде ауа температурасының +18 °С-тан төмен болмауы қамтамасыз етіледі.

**7-параграф. Автомобиль көлігі құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

433. Қауіпті жүктерді тасымалдау кезінде оларды тасымалдайтын және олармен жұмыс істейтін адамдар осындай жүктің бар екені туралы хабардар етіледі. Жүк жөнелтуші құжаттарда (тауар-көліктік жүкқұжаты, автокөлік құралының жүргізушісіне арналған жазбаша нұсқаулық) осы жүк төндіретін нақты қауіпті және қабылдануы тиіс сақтық шараларын көрсетеді.

434. Қауіпті жүктерді тасымалдау ыдыста, сыйымдылықтарда, әмбебап немесе арнайы контейнерлерде жүзеге асырылады.

435. Ыдыстардың, сыйымдылықтардың және контейнерлердің конструкциясы герметикалық, жүктің жоғалуын, азаюын болдырмауды қамтамасыз ететіндей болып жасалады, қауіптілік белгілері болады. Ыдыстар, сыйымдылық мен контейнерлер тазартуға және дезинфекциялауға жататын материалдардан дайындалады.

436. Қауіпті жүктерді түсіру аяқталғаннан кейін автокөліктің жүк бөлігі (шанақ) қарап-тексеруге және зарарсыздандыруға жатады.

437. Тасымалдау кезінде туындайтын жүктемелерге төзімді контейнерлер, ыдыс және сыйымдылық пайдаланылады.

438. Қауіпсіздік мақсатында тасымалданатын қауіпті жүктер туралы, жүк жөнелтушіге немесе өңдеуге жіберілетін қауіпті жүктерден босатылып кері қайтарылатын ыдыстардың жағдайы туралы ақпарат жүк көлігінің жүкқұжатына жазылады.

439. Әртүрлі санаттағы қауіпті жүктерді, қауіпті жүктерді қауіпсіз жүктермен бірге тиеуге, таңбасы жоқ қауіпті жүктерді тиеуге және түсіруге жол берілмейді.

440. Қауіпті жүктерді тиеу және түсіру алдында ыдыстардың жарамдылығы тексеріледі.

441. Шашылған қауіпті жүк сыйымдылыққа жиналады, жою үшін әкетіледі, шашылған жер өңделеді.

442. Ластану немесе көлікте болған авария нәтижесінде жарамсыз болып қалған қауіпсіз жүктердің қалдықтары қайта қапталады, арнайы алаңдарда залалсыздандырылады, көму полигондарда жүргізіледі.

**8-параграф. Су көлігі құралымен қауіпті жүктерді тасымалдауға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар**

443. Уытты заттарға арналған жүк бөлімдері (үй-жайлар) кеменің тұрғын, қоғамдық және тұрмыстық үй-жайларынан оқшауланады. Жүк бөлімдерінде

ашық палубадан немесе жуынатын жерден кіретін санитариялық өткізу орны, арнайы киімдерді, газсыздандыру және жуу құралдарын, жеке қорғаныш құралдарын сақтауға арналған үй-жайлар және оларды қолданғаннан кейін жеке қорғаныш құралдарын өңдеуге арналған орын, ауа ортасына шұғыл-талдау жасайтын аспаптарға арналған үй-жай болады.

444. Сұйық, газ тәрізді және тозаң тектес уытты жүктерді тасымалдауға арналған үй-жайлардың конструкциясы:

1) кеме үй-жайларының және атмосфералық ауаның тасымалдайтын жүкпен (оның буымен және шаңымен) ластануын болдырмайды;

2) үй-жайларды (трюмдерді, танктерді) жүктің қалдықтарынан тазартуға, сарқынды суларды шығаруға және кептіруге ыңғайлы болуын қамтамасыз етеді;

3) экипаж мүшелерінің, тиеуді-түсіруді жүзеге асыратын докерлердің, тазарту жұмыстарын жүргізетін персоналдың уытты затпен жанасуын болдырмайды.

445. Сұйық уытты заттарды құйып тасымалдау кезінде жүк танкілерінің ауа шығаратын желдету құбырларының биіктігі кемеңің үй-жайларына оның кірмеуін қамтамасыз етеді.

446. Алдағы уақытта уытты және қауіпті жүктердің тасымалданатыны туралы ақпарат алған кезде кеме әкімшілігі жүктің қасиеттерімен және негізгі сипаттамаларымен танысады.

447. Экипаждың барлық мүшелеріне қауіпті жүктің қасиеттері мен қауіптілік деңгейі, таңбасы және оның орналасу орны, қауіпсіздік талаптары, жеке қорғаныш құралдары, зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсету туралы нұсқама беріледі.

448. Желдету жүйелері, жабдықтар, жүк үй-жайлары, жарықтандыру ақаулы болған кезде, тасымалданатын жүкке бекітпелер, жеке қорғаныш құралдары, автономды тыныс алу аппараттары, дәрі-дәрмектер және қатерсіздендіру, газсыздандыру құралдары болмаған кезде уытты және қауіпті жүктерді тасымалдауға жол берілмейді. Радиоактивті жүктерді тасымалдау кезінде радиациялық бақылау аспаптарының болуы қажет.

449. Қауіпті жүктерді кемеге тиеу соңғы кезекте, ал түсіру бірінші кезекте жүргізіледі. Қауіпті және уытты жүктерді кемеге тиеу алдында және тиеу кезінде оларды жүргізуге қатысы жоқ адамдар жұмыс жүргізілетін орынға жіберілмейді.

450. Тасымалдауға:

1) одан жүктің ағуы немесе шашылуы кезінде жүк бірліктерін;

2) ағу белгілері болған кезде;

3) қауіптілік белгілері мен таңбасы болмаған кезде;

4) жүк бірлігін бекітуге арналған құралдар зақымданған кезде;

5) жүк жөнелтуші көрсеткен көлік индексіне сәйкес келмесе (7-сыныпты қауіпті жүктер үшін) қабылдауға жол берілмейді.

451. Жүк бірліктерін тиеу немесе түсіру процесінде одан жүктің ағуы немесе шашылуы анықталған кезде, ағу белгілері болған кезде, жүк жіберушінің көрсеткен көлік индексіне сәйкес келмеген кезде тиеу операциялары тоқтатылады және кемеге, айлаққа қатерсіздендіру (газсыздандыру, дезинфекция) жұмыстары жүргізіледі.

452. Түсіру жұмысы аяқталғаннан кейін кеме, улы және қауіпті жүктер тұрған үй-жайлар жүктің қалдығынан тазартылады.

453. Кемеге тозаң тектес жүктерді (цемент, әк) тиеу шаңның көтерілуін азайту жолымен, трюмдерді түсіру пневматикалық және механикалық тәсілдермен жүргізіледі. Қажеттілігіне қарай жүк тиеу операциялары уақытында тыныс алу органдарының жеке қорғаныш құралдары қолданылады.

454. Ішкі суда жүзетін кемелерде мәйіттерді арнайы бөлінген үй-жайларда, металдан жасалған мұқият дәнекерленген табыттарда немесе шайыр жағылған жәшіктерге салынған ағаш табыттарда тасымалдауға жол беріледі. Мәйіттің күлі салынған урналар жәшіктерде немесе басқа ыдыста тасымалданады.

455. Сұйық зат таситын кемелердің танкілері мен бөліктерінде барлық тазарту жұмыстары жағалаудағы немесе жылжымалы арнайы мамандандырылған тазалау станциялардың күшімен және құралдарымен жүргізіледі.

456. Тазартылатын танкілерде жылжымалы желдеткіш қондырғылары бар жалпы алмастырылатын ішке сору-сыртқа тарту желдеткішімен қамтамсыз етіледі. Ішке сорылатын ауа жұмыс орнына беріледі, сыртқа сору будың көп жиналатын учаскелерінде жүзеге асырылады. Лас ауаның кеменің үй-жайына түсуін болдырмау үшін желдетілетін танктен ауаны тысқа шығару кеменің ең биік бөлігінен 1-2 м биіктікте жүргізіледі.

